



## ҚАЗАҚСТАН ҺӘМ ЕУРООДАҚ: СЕНІМДІ СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖАҢА ДЕҢГЕЙІ



Брюссельде Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттер іскерлік орта өкілдерінің қатысуымен «Қазақстан – ЕО» дөңгелек үстелі ұйымдастырылды. Жиында Мемлекет басшысы сөз сөйледі.

Қасым-Жомарт Тоқаев жиынға қатысушылар алдында сөз сөйлеп, Қазақстан мен ЕО арасындағы қарым-қатынас шынайы стратегиялық сипатқа ие болғанын атап өтті.

(Жалғасы 2-бетте)

## САЯСИ ДИАЛОГҚА ТЫҢ СЕРПІН



Мемлекет басшысы Бельгия Премьер-министрі Барт де Вевермен кездесті.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Бельгия Премьер-министрі Барт де Вевер екі ел ынтымақтастығының қазіргі жай-күйі мен перспективасын талқылап, саяси диалогты нығайтуға, сауда-экономикалық және инвестициялық байланыстарды дамытуға айрықша назар аударды.

Мемлекет басшысы Бельгияны Қазақстанның Еуропалық Одақтағы басты серіктестерінің бірі ретінде атады. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, экономикалық ықпалдастықтың қарқыны бұдан да зор әлеуетке ие. Бельгия Қазақстан экономикасына қаржы құйған 10 жетекші инвестордың қатарына кіреді. Соңғы 20 жылда аталған елден келген тікелей инвестицияның жалпы көлемі 15 миллиард долларды құрады. Өзара сауда айналымы да тұрақты түрде өсіп келеді. Оның көлемі бытыр 580 миллион доллардан асты.

– Қазақстанда Бельгия капиталының үлесі бар 110-нан астам компания жұмыс істейді. Бұл өзара тиімді ынтымақтастықты нығайтуға деген ортақ ұмтылысымызды аңғартады. Танымал бельгиялық компаниялар біздің елдің нарығына көптеп келіп жатыр, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Премьер-министр Барт де Вевер екі ел арасында саяси диалог деңгейі жоғары екенін атап өтті. Ол Бельгияның екіжақты қарым-қатынасты одан әрі тереңдетуге және стратегиялық серіктестік аясын кеңейтуге ниетті екенін мәлімдеді. Тараптар көлік-логистика, аса маңызды минералдар, мұнай химиясы, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, цифрлық трансформация, жасанды интеллект және қаржы салаларындағы бірлескен инвестициялық жобаларды іске асыру мүмкіндіктерін қарастырды.

Бұдан бөлек, ғылым және білім беру саласындағы ықпалдастық, әсіресе университеттер, зерттеу орталықтары мен технологиялық компаниялар арасындағы серіктестікті ілгерілету перспективасы пысықталды.

Мемлекет басшысы орайлы сәтті пайдалана отырып, Бельгия Королі Филипп және Королева Матильдаға ізгі сәлемін жолдады. Президент екіжақты қатынастар тарихында алғаш рет Король Филипптің быыл Қазақстанға жасайтын мемлекеттік сапарына айрықша мән беретінін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Барт де Веверді өзіне қолайлы уақытта Қазақстанға ресми сапармен келуге шақырды. Премьер-министр шақыруды ықыласпен қабыл алды. Сондай-ақ тараптар өңірлік және халықаралық күн тәртібінің өзекті мәселелері жөнінде пікір алмасты.

## ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевпен телефон арқылы сөйлесті.



Әңгімелесу барысында көшбасшылар қазақ-өзбек қарым-қатынасы жоғары қарқынмен дамып келе жатқанын атап өтті.

Президенттер өзара ықпалдастықты одан әрі нығайту, биыл сәуір айында Бұхара қаласында өткен мемлекеттер басшылары кездесуінде қол жеткізілген уағдаластықтарды нақты іске асыру мәселелерін талқылады.

Президент әкімшіліктері, үкіметтер мен салалық ведомстволар арасындағы байланыстардың жандануы екіжақты ынтымақтастықты дәйекті түрде дамыту және бірлескен жобаларды ілгерілету үшін өте маңызды екеніне назар аударылды.

Тараптар өңірлік және халықаралық күн тәртібінің негізгі мәселелері жөнінде пікір алмасты, алдағы ортақ іс-шаралардың кестесін қарастырды.

## ЕКІЖАҚТЫ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ТАРИХИ ТҰҒЫРЫ



Брюссельге ресми сапары аясында Мемлекет басшысы Еуропалық Кеңес Президенті Антониу Коштамен және Еуропалық Комиссия Президенті Урсула фон дер Ляйенмен келіссөздер жүргізді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ЕО көшбасшылары Антониу Коштамен және Урсула фон дер Ляйенмен жүргізген келіссөздер барысында Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасындағы байланыс екіжақты ынтымақтастық тарихындағы ең жоғары деңгейге жеткенін атап өтті.

– Өзара сенім мен құрметке негізделген біздің қарым-қатынасымыз шынайы стратегиялық сипатқа ие болды. Мен Брюссельге сан қырлы ынтымақтастығымызды мүдделеріміз тоғысқан барлық салада тереңдету мақсатында келдім. Жаңа ғана қол қойылған маңызды келісім мен меморандумдар – ықпалдастықты одан әрі нығайтуға бейіл екеніміздің айқын дәлелі. Бүгінгі келіссөз қорытындылары Қазақстан-Еуропа қарым-қатынасының жаңа кезеңіне жол ашады деп сенемін, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен ЕО арасында аса жоғары деңгейдегі тұрақты саяси диалог жолға қойылғанын айтты. Сондай-ақ еліміздің аймақта бірінші болып ЕО-мен Кеңейтілген серіктестік және ынтымақтастық жөніндегі келісімге қол қойып, ратификациялағанын еске салды.

Мемлекет басшысы сауда-экономикалық және инвестициялық байланыстарды дамытуға айрықша назар аударды.

– Бүгінде ЕО Қазақстанның ірі сауда және инвестициялық серіктесі саналады. Еуропалық компаниялар экономикамыздың түрлі саласына зор үлес қосып келеді. Олардың табысы еуропалық бизнестің Қазақстанға деген сенімін байқатады. Біз Еуропалық Одақтың Орталық Азиядағы сенімді серіктесі болғанымызды мақтан тұтамыз. Сондай-ақ еуропалық инвесторлар үшін тұрақты әрі тартымды инвестициялық климат жасауға ұмтыламыз, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев көлік-логистика байланыстарын нығайту мәселелеріне тоқталды. Атап айтқанда, Президент Транскаспий халықаралық көлік бағдары (Орта дәліз) және

ЕО-ның Global Gateway бастамасын ұштастыру перспективасына назар аударды, сондай-ақ еліміздегі бірқатар ірі көлік-инфрақұрылым жобасына еуропалық серіктестердің қолдау көрсетіп отырғанын жеткізді.

Президент Қазақстанда айтарлықтай мол қоры бар аса маңызды шикізат материалдары саласы ынтымақтастықты дамытуға кеңінен мүмкіндік береді деп санайды. Еліміз өңдеу өнеркәсібіне, технология трансферіне және бірлескен өндірістік жобаларға еуропалық инвестиция тартуға ниетті.

Мемлекет басшысы Қазақстанның Еуропалық Одақпен энергетика, соның ішінде атом, цифрлық трансформация, ауыл шаруашылығы, су қауіпсіздігі және климат күн тәртібі секілді бағыттарда ықпалдастықты одан әрі арттыруға мүдделі екенін растады.

Қасым-Жомарт Тоқаев серіктестіктің тағы бір маңызды саласы ретінде білім беру, ғылым, мәдениет және азаматтар арасындағы қарым-қатынас сияқты гуманитарлық өлшемдерді атады.

– Қазақстан Erasmus+, Horizon Europe және басқа да білім беру мен зерттеу бағдарламалары аясындағы ынтымақтастықтың артып келе жатқанын жоғары бағалайды. Біз алдағы уақытта да еліміздің университеттері мен еуропалық жоғары оқу орындары арасындағы әріптестікке қолдау көрсетеміз. Қазақстан Horizon Europe бағдарламасы аясындағы қауымдастырылған ел мәртебесін иеленуге ниетті, – деді Мемлекет басшысы.

Президент визалық режимді жеңілдету және реадмиссиялау туралы келісім жобалары бойынша келіссөздердің аяқталғанына ерекше ризашылығын білдірді. Сондай-ақ Қазақстандағы саяси жаңғыру бағдарламасына дәйекті түрде қолдау көрсеткені және еуропалық тараптың басқару, инновация мен орнықты экономикалық даму салаларындағы озық тәжірибелерімен бөлісуге әзірлігі үшін ЕО жетекшілеріне алғыс айтты.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев өңіраралық серіктестікті нығайтудың нақты тетігіне айналған «Орталық Азия – Еуропалық Одақ» диалог платформасы маңызды рөл атқаратынына тоқталды.

Еуропалық Кеңес Президенті Антониу Кошта Мемлекет басшысына ілтипат танытып, Қасым-Жомарт Тоқаевтың сапар қарсаңында EuroNews ресурстарында жарияланған мақала-

сымен мұқият танысқанын жеткізді. Оның айтуынша, материалда Еуропалық Одақ пен Қазақстан арасындағы ынтымақтастықты дамытудың үш негізгі басымдығы айқындалған. Атап айтқанда, орнықтылықты нығайтуға, өзара байланысты кеңейтуге және азаматтар үшін тың мүмкіндіктерге жол ашуға ден қойылған. Бұл қарым-қатынастың ортақ күн тәртібіндегі Брюссельдің ұстанымдарымен үндеседі.

Еуропалық Кеңес Президенті Қазақстанның географиялық орналасуы, бірегей тарихы мен мәдениеті Еуропа мен Азияның арасына көпір бола алатынына назар аударды.

– Қазақстан өзара көлік байланысын қамтамасыз етуде басты дәліз саналады. Транскаспий халықаралық көлік бағдары – осы бағыттағы ынтымақтастықтың табысты мысалдарының бірі. Әрине, қазіргі уақытта цифрлық технологиялар шешуші мәнге ие болып отыр. Сондықтан білім беру, ғылыми зерттеулер мен инновацияларға инвестиция құю өте маңызды. Бүгінгі көпқабатты әлемде екіжақты қарым-қатынасты да, өңірлік деңгейдегі байланысты да дамытуымыз қажет. Біз Орталық Азия елдерімен ықпалдастықты жалғастыруға шын мәнінде бейілміз, – деді Антониу Кошта.

Ал Еуропалық Комиссия Президенті Урсула фон дер Ляйеннің айтуынша, Кеңейтілген серіктестік және ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылған бергі он жыл ішінде өзара сауда көлемі екі еседен асқан.

– Мұның өзі көп жайтты аңғартады. Сонымен қатар түрлі саладағы әлеуетіміз әлі де мол. Біз сауда қатынастарын, соның ішінде ауыл шаруашылығы саласын ертартапандыруға мүдделіміз. Бұдан бөлек, өзара тауар айналымы мен инвестицияға тын серпін беру мақсатында сауда-саттықтағы кедергілерді енсеру мәселелерін бірлесіп талқылауымыз қажет. Тағы бір мәселе. Визалық режимді жеңілдету және реадмиссиялау жөніндегі келісімдер бойынша белсенді жұмыс қолға алынған. Бұған қатысты келіссөздер аяқталып келеді, – деді Урсула фон дер Ляйен.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың, Еуропалық кеңес Президенті Антониу Коштаның және Еуропалық комиссия Президенті Урсула фон дер Ляйеннің қатысуымен мынадай құжаттарға қол қою рәсімі өтті. Бұдан соң тараптар Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасындағы стратегиялық әріптестікті нығайту туралы бірлескен мәлімдеме жасады.

## КӨРКЕЮГЕ НЕГІЗ ҚАЛАҒАН КЕЛІСІМДЕР



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Брюссельге ресми сапары аясында ЕО және Еуропалық инвестициялық банктің ресми тұлғаларымен кездесті.

Президент Сауда және экономикалық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі еурокомиссар Марош Шефчовичпен, Еуропалық Одақтың Орталық Азия бойынша арнайы өкілі Эдуард Стипрайспен және Еуропалық инвестициялық банктің вице-президенті Марек Моранен кездесуіне қатысты.

ЕО және ЕИБ жоғары лауазымды өкілдерімен әңгімелесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев ЕО көшбасшылары Антониу Коштамен және Урсула фон дер Ляйенмен өткен келіссөздер нәтижесін жоғары бағалап, кездесуде Астана мен Брюссель арасындағы стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайтуға өзара бейіл екендерін растағанын айтты.

(Жалғасы 2-бетте)

## АҚОРДА

25 МАУСЫМ 2026 | БЕЙСЕБИ

ҚАЗАҚСТАН ҺӘМ ЕУРООДАҚ:  
СЕНІМДІ СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖАҢА ДЕҢГЕЙІ

(Басы 1-бетте)

— Бүгінде Еуропалық Одақ еліміздің ең ірі сауда және инвестициялық серіктесі саналады, оның үлесіне Қазақстанға шетелден тікелей тартылған инвестицияның жартысына жуығы тиесілі. Тек өткен жылдың өзінде екіжақты тауар айналымы 45 миллиард доллардан асты. Бұл жетістік халықаралық деңгейде мойындалды. БҰҰ Сауда және даму ұйымының (ЮНКТАД) дүниежүзілік инвестициялар туралы тікелей инвестиция тарту бойынша Орталық Азияда бірінші орынға ие, сондай-ақ посткөрсеткішпен пен теңізге шығатын жолы жоқ дамушы елдер арасында көшбасшылықты сақтап келеді. Қазақстанда 4 мыңға жуық еуропалық компания табысты жұмыс істейді. Олардың көбі, әсіресе Airbus, Polpharma Group, Air Liquide Group, Skoda Group және Alstom секілді компаниялар ондаған жылдардан бері сенімді серіктеске айналды. Сонымен бірге біз еуропалық инвесторлардың жана буынын қуана қарсы аламыз. Олардың қатарында Rosa Group, Inditex, Maersk, Dewulf және Damen Shipyards Group сияқты танымал компаниялар бар, — деді Президент.

Мемлекет басшысы осы сапар барысында жалпы сомасы 12 миллиард доллардан асатын коммерциялық келісімдерге қол қойылатынын жеткізді. Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, бұл Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасындағы серіктестіктің тұжырымдамалық тәсілдерді пысықтаудан нақты өрекетке ұласқанын аңғартады.

Президент Қазақстанның соңғы жылдардағы экономикалық табысы және аталған нәтижеге жеткізген жүйелі өзгерістер жайында мәлімет берді.

— Қазақстан экономикасы орнықтылық көрсетіп, жедел дамып келеді. Былтыр ел экономикасының өсімі 6,5 пайызға жетті. Бұл — Халықаралық валюта қоры болжаған жаһандық өсім қарқынынан екі есе жоғары. Ішкі жалпы өнім көлемі 305 миллиард доллардан асты, ал жан басына шаққандағы ІЖӨ 15 мың долларды құрады. Халықаралық валюта қорының болжамы бойынша, биыл ұлттық экономика көлемі 360 миллиард долларға жетеді. Казіргі уақытта экономикамыздың 40 пайызға жуығын шағын және орта бизнес құрайды. Олар негізгі капиталға салынатын инвестицияның шамамен 70 пайызын қамтамасыз етіп отыр. Бұл жетістіктерге, сайып келгенде, кешенді әрі жүйелі реформалар түрткі болды. Қазақстанда барынша ашық, бәсекеге қабылетті әрі инвесторларға қолайлы экономика құру мақсатында ауқымды саяси және экономикалық жаңғырту жүргізіліп жатыр. Біз демократиялық институттарды күшейтіп, тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін жетілдірдік, заң үстемдігін орнаттық және адам құқықтарын қорғау аясын кеңейттік. «Зан мен тәртіп» қағидатын мүлтіксіз сақтау ішкі саясатымыздың өзегіне айналды. Тауда өткен тарихи жалпыұлттық референдум да инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға арналған заманауи институционалды база қалыптастыруға септігін тигізді. Ұлттық цифрлық инвестициялық платформа енді инвесторларға «бір терезе» қағидатына сәйкес толыққанды қызмет көрсетеді, ал Инвестициялық кеңес инвестицияға қатысты түйткілді мәселелердің тиімді шешілуін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар біз жаңа ынталандыру тетіктерін енгізе бастадық. Мысалы, Altyn Visa бағдарламасы халықаралық инвесторларға салық және көші-кон мәселесінде едәуір жеңілдіктер береді. Бір сөзбен айтқанда, Қазақстан — саяси тұрақты, макроэкономикалық көрсеткіштері орнықты, экономикасы ашық әрі нарық реформаларына бейіл ел. Ал мұның бәрін инвесторлар ерекше бағалайды, — деді Мемлекет басшысы.

Содан кейін Президент ынтымақтастықтың перспективті бағыттарына егжей-тегжейлі тоқталды. Қасым-Жомарт Тоқаев ең әуелі еуропалық серіктестерге Қазақстанның Еуропаны Орталық Азиямен, Қытаймен, Кавказбен және Таяу Шығыспен байланыстыратын өңірлік логистикалық хабқа айналудағы ұмтылатынын айтты.

— Біз инфрақұрылымға, атап айтқанда, мыңдаған шақырым теміржол салуға және Транскаспий ха-



лықаралық көлік бағдарын дамытуға қомақты қаржы құйып жатырмыз. Бұл күш-жігеріміз Еуропалық Одақтың Global Gateway стратегиясымен үйлесіп, Орта дәлізді еуразиялық қауіпсіз байланысқа арналған негізгі әрі орнықты магистральға айналдырады. Көлік инфрақұрылымын жаңғырту қазіргі өзінде он нәтиже көрсетті. Соңғы алты жылда аталған бағыт бойынша жүк тасымалы бес есе — жыл сайын 0,8 миллион тоннадан 4,1 миллион тоннаға дейін өсті. Дәліздің жүк өткізу қабілетін 10 миллион тоннаға дейін ұлғайтуды көздейміз. Бұл жеке еліміздің әлемдік логистикада маңызды күрежол ретіндегі позициясын нығайтады. Осы қарқынды сақтау үшін Қазақстан соңғы 15 жылда көлік және логистика инфрақұрылымына 35 миллиард доллардан астам қаржы салды. Бүгінде Каспий теңізі жағалауындағы Ақтау және Құрық порттары халықаралық транзиттің маңызды қақпасы ретінде қызмет етеді, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы бүгін Қазақстан даму банкі мен Еуропалық инвестициялық банк арасында, сондай-ақ құрамына Commerzbank, JPMorgan Chase Bank және Standard Chartered Bank кірген Банктер синдикаты MIGA (Инвестициялық кепілдіктер жөніндегі қолжақты агенттіктің) кепілдігімен қол қойылған, құны шамамен 1 миллиард доллар болатын логистикалық инфрақұрылым саласындағы келісімді құптады.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің аса маңызды минералдарды игеру бағытында Еуропаға сенімді серіктес болуға дайын екенін мәлімдеді.

— Қазақстан ЕО аса маңызды шикізат ресурстарының тізбесіне қосқан 34 минералдың 21-імен қамтамасыз етуге әзір. Осы әлеуетті барынша пайдалану үшін біз «өфтейк» негізіндегі ынтымақтастық жолын ұсынамыз. Бұл шикізатты өз елімізде өңдеп, қосылған құны жоғары өндіріс тізбегін құруға ықпал етеді. Сирек кездесетін металдар бойынша өңірлік зерттеу орталығының құрылуы — аталған бағыттағы серіктестіктің нәтижесі. Сонымен қатар Қазақстан жаһандық жана энергетикалық жүйеге көшу бастамасын ілгерілету қашанда ынталы. Өздеріңізге мәлім, еліміз ірі уран өндіруші ретінде әлемдегі сураныстың 40 пайызға жуығын қамтамасыз етеді. Мұнай мен газдың, көмірдің айтарлықтай қоры бола тұра, біз «жасыл» сутегін өндіру жобасын белсенді түрде қолға алдық. Бұдан бөлек, Қазақстан аумағында литий, никель, ванадий және кобальттың әлі игерілмеген мол қоры бар. Түптеп келгенде, біз серіктестерге өте прагматикалық формула ұсынамыз: яғни стратегиялық ресурстарға қолжетімділікті инвестицияға және технологияға айырыбастауға ниеттіміз. Бұл тәсіл Еуропа стандарттарына толық сәй келеді, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

## ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫНДАҒЫ СЕРПІН

Президенттің пікірінше, Қазақстан Еуропалық Одақты қуат көздерімен қамтамасыз ететін сенімді

серіктес әрі кепіл ел ретінде стратегиялық позициясын дәйекті түрде нығайтып келеді.

— Былтыр Еуропа нарығына тасымалданған шикі мұнайдың 13 пайызға жуығы Қазақстанға тиесілі. Біз еуропалық серіктестермен жеткізу көлемін ұлғайту және өңірлік энергетикалық қауіпсіздікті нығайту бағытындағы ынтымақтастықты кеңейтуге әрдайым әзірміз. Соңғы байланысты Каспий құбыр консорциумының тұрақты әрі сенімді жұмысын қамтамасыз ету маңызды стратегиялық басымдық болып қала беретінін айтқым келеді, — деді Мемлекет басшысы.

Президент Қазақстанның өнеркәсіп секторы экономикалық орнықты өсімі мен әртарапандырылуына ықпал ететін берік тірек саналатынына назар аударды.

— Соңғы жылы еліміздің ІЖӨ-дегі өнеркәсіп секторының үлесі шамамен 27 пайызды құрады. Біз 190-нан аса жана өндіріс тізбегін іске қостық. Еуропалық компаниялар өнеркәсіп салаларын дамытуға белсенді атсалысып жатыр. Бұл жоғары бағаға лайық. Қазақстан мен Еуропалық Одақтың экономикалық ықпалдастығы түбегейлі өзгеріске ұшырап, локализацияға және қосылған құны жоғары өндіріс тізбегінің интеграциясына баса мән берілуде. Бұл мысалдар Қазақстан-Еуропа өнеркәсіп кооперациясының әлеуеті зор екенін көрсетеді. Осы ретте еуропалық қаржы институттарының, ең алдымен, Еуропалық қайта құру және даму банкі мен Еуропалық инвестициялық банктің қосқан үлесін ерекше атап өткен жөн, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жаһандық азық-түлік қауіпсіздігі проблемасын шешу ұлттық күн тәртібіндегі маңызды басымдықтардың бірі ретінде аталды. Оның айтуынша, Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенін жоғары технологиялық секторға айналдыру стратегиялық міндет ретінде белгіленді. Осы орайда Президент еуропалық серіктестерді мал шаруашылығы, астық дақылдарының селекциясы, жер игерудің дәлім-дәл технологиясы және топырақ құнарлы артыру секілді салаларда ынтымақтастық орнатуға шақырды.

Содан соң Мемлекет басшысы жаңа замандағы жасанды интеллект ролі жөніндегі пікірін жеткізді.

— Goldman Sachs болжамына сәйкес, ЖИ әлем экономикасына 7 триллион доллардан астам табыс әкеледі. Біз Еуропа мен Азия арасындағы қауіпсіз әрі орнықты көлік жолының негізін қалап жатырмыз. Еуропаның инвестициясына және озық технологиясына айырбас ретінде маңызды қазба байлықтарын қуат ресурстарын пайдалануға мүмкіндік беретін прагматикалық формуланы ұсыну арқылы сенімді серіктес болуға әзірміз. Жоғары технологиялық агро-бизнесмен бастап жасанды интеллект саласындағы жанаушы өнертабыстарға, АХҚО аясындағы қаржыландыру тетіктеріне дейінгі көптеген салада ұзақмерзімді интеграцияға ашықпыз. Үкіметіміз маңызды бастамаларды тез әрі табысты іске асыру үшін коммерциялық ұсыныстарыңызды мұқият зерделейтін болады, — деді Президент.

үшін тартымды жоба. Alem.ai халықаралық орталығының жанынан Tumo және Tomogrow School жана буын мектептері ашылды. Мақсатымыз — ұстаздардың біліктілігін арттырып, инфрақұрылымды жетілдіру және өскелең ұрпақ игілігі үшін дербес білім беру стандарттарын енгізу. Сондай-ақ Алатау «ақылды қаласын» стратегиялық тұрғыдан дамытуға ерекше мән береміз. Жаңа Конституциямызға сәйкес, аталған қала айрықша құқықтық мәртебеге ие болды. Бұл маңызды жоба криптоиндустрияның, инновацияның және жоғары технологиялық бизнестің өркендеуіне жол ашады, — деді Президент.

Сонымен қатар еуропалық бизнес өкілдеріне «Астана» халықаралық қаржы орталығының мүмкіндіктері таныстырылды.

Президент атап өткендей, Global Financial Centers Index рейтингінде АХҚО Шығыс Еуропа және Орталық Азия өңірі бойынша бірінші орын алады. Орталық Азия өлемнің 90-нан астам елінен 5 800-ден аса компания тіркелген, оның ішінде 250-ге жуығы — Еуропа елдерінен. АХҚО арқылы еуропалық компаниялар үлестік қаржыландыру ретінде 307 миллион доллар көлемінде тікелей инвестиция салды.

## БЕРІК СЕНІМНІҢ ЖАЛҒАСЫ

Мемлекет басшысы Еуропаның қаржы және инновация институттарын Астана халықаралық қаржы орталығымен бірге орнықты қаржыландыру және финтех-технологияларды ілгерілету саласындағы ынтымақтастықты жалғастыруға шақырды.

Президент адам капиталын дамыту тақырыбына тоқталып, Еуропалық Одақ әлдеқашан еліміздің ғылым және білім саласындағы жетекші серіктесіне айналғанын атап өтті.

— Еліміздің түкпір-түкпірінде қазіргі өзінде 40 шақты халықаралық академиялық және зерттеу орталықтары жұмыс істеп жатыр. Олардың қатарында Анхальт қолданбалы ғылым университетінің, Лотарингия университетінің және Марке политехникалық университетінің өкілдіктері бар. Қазақстан Erasmus+, Horizon Europe және басқа да бағдарламалар аясында Еуропалық Одақпен ықпалдастықты жолға қойды. Біз білімге негізделген экономика құрғымыз келеді. Сондықтан Horizon Europe келесі негіздемелік бағдарламасының қауымдастырылған мүшелігіне ету үшін өтініш бердік. Қазақстан экономикамен шектелмей, Орталық Азия елдеріне және басқа да мемлекеттерге біліктілігі жоғары мамандар даярлайтын өңірлік білім беру орталығы ретінде ролін нығайта түседі, — деді Президент.

Мемлекет басшысы ынтымақтастық әлеуеті зор екенін алға тартып, Қазақстан бұл ретте шынайы стратегиялық серіктестікті жақтайтынын жеткізді.

— Ең бастысы, біз ортақ табысқа жеткізетін сенім мен ұзақмерзімді міндеттемені ұсынамыз. Еуропалық серіктестер табысы жоғары инвестициялық жобаларға белсенді түрде атсалысады деп сенеміз. Еуропалық қаржы институттарының Қазақстанның орнықты экономикалық дамуына және өңірлердің өзара байланысын нығайтатын бастамаларға қолдау көрсеткенін құптаймыз. Осы орайда Еуропалық инвестициялық банктің қосқан үлесін жоғары бағалаймын. Банк вице-президенті Мора бүгін арамызда отыр. Сондай-ақ экономикалық диалог өрбітіп, Қазақстан мен Еуропалық Одақтың сауда күн тәртібін ілгерілету ісінде жетекші рөл атқарғаны үшін комиссар Шефчовичке алғыс айтамын. Еуропалық Одақ пен Орталық Азия арасындағы ынтымақтастықты дамыту жолындағы күш-жігері үшін Арнайы өкіл Стипрайска ризашылығымыз білдіреміз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы сөз соңында бүгінгі пікірталастар Қазақстан мен ЕО-ның стратегиялық серіктестікке қатысты ұстанымы ортақ екенін тағы да растағанын айтты.

— Орта дәлізді Еуропалық Одақтың Global Gateway стратегиясымен ұштастыру бойынша келісім үдерісі жүргізілуде. Біз Еуропа мен Азия арасындағы қауіпсіз әрі орнықты көлік жолының негізін қалап жатырмыз. Еуропаның инвестициясына және озық технологиясына айырбас ретінде маңызды қазба байлықтарын қуат ресурстарын пайдалануға мүмкіндік беретін прагматикалық формуланы ұсыну арқылы сенімді серіктес болуға әзірміз. Жоғары технологиялық агро-бизнесмен бастап жасанды интеллект саласындағы жанаушы өнертабыстарға, АХҚО аясындағы қаржыландыру тетіктеріне дейінгі көптеген салада ұзақмерзімді интеграцияға ашықпыз. Үкіметіміз маңызды бастамаларды тез әрі табысты іске асыру үшін коммерциялық ұсыныстарыңызды мұқият зерделейтін болады, — деді Президент.

## КӨРКЕЮГЕ НЕГІЗ ҚАЛАҒАН КЕЛІСІМДЕР

(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы бұл сапардың экономикалық құрамдас бөлігі, атап айтқанда, құны 12 миллиард доллардан асатын коммерциялық келісімдер мен меморандумдарға қол қойылуы еуропалық бизнестің Қазақстан экономикасына және елде жүргізіліп жатқан реформаларға деген сенімін байқататынын жеткізді.

Осы орайда Президент Еуропалық инвестициялық банкімен серіктестіктің нәтижелі сипатына көңілі толатынын атап өтіп, аталған қаржы институтымен алдағы ынтымақтастық Қазақстанның орнықты экономикалық дамуына және өңірлік өзара байланыс тарды арттыру бағытындағы бастамаларын ілгерілетуіне септігін тигізетініне сенім білдірді.

Сауда және экономикалық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі еурокомиссар Марош Шефчович Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың ресми сапары Еуропалық Одақ пен Қазақстан арасындағы қарым-қатынастың жана кезеңіне жол ашатынын атап өтті.

Ол осы сапар аясында қол қойылатын маңызды коммерциялық келісімдер сауда-экономикалық ынтымақтастықты нығайту бойынша ұзақ жылдар бойғы бірлескен күш-жігердің нәтижесі екеніне тоқталды. Кездесу соңында тараптар өзара мүдделі салалардағы ортақ бастамаларды ілгерілету мақсатында конструктивті диалогты жалғастыруға уағдаласты.

Бұдан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев Жаһандық өзгерістер институтының атқарушы төрағасы Тони Блэрмен кездесті.

Кездесу барысында Қазақстанда жүргізіліп жатқан ауқымды реформаларды жүзеге асыру мәселелері, сондай-ақ елді саяси және әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан жаңғыртудың негізгі бағыттары талқыланды. Президент мемлекеттік институттарды одан әрі дамытуды, басқару тиімділігін арттыруды және халықтың тұрмыс сапасын көтеруді көздейтін қазіргі өзгерістер жөнінде айтты.

Осыдан соң Мемлекет басшысы Groupe ADP компаниясының бас директоры Филипп Паскальмен кездесуіне өткізді. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Groupe ADP компаниясы басшысының кездесуінде Алматы



әуежайын дамытудың ұзақмерзімді перспективасына баса назар аударылды. Президент әуе хабтарын дамыту көлік-логистика саласындағы стратегиялық басымдықтардың бірі саналатынын атап өтті.

Мемлекет басшысының бағалауына, Groupe ADP компаниясының Алматы әуежайы инфрақұрылымын басқаруға атсалысуы табысты серіктестіктің жарқын үлгісі болмақ. Қасым-Жомарт Тоқаев компанияның жана халықаралық терминал салу секілді бірқатар маңызды жобаны тиімді жүзеге асырғанына тоқталды. Бұл инфрақұрылымның жаңаруына және жолаушылар санының жылына 14 миллионға дейін артуына мүмкіндік берді.

Филипп Паскаль Алматы әуежайын дамытуға арналған ұзақмерзімді бас жоспардың орындалуына жауап ала отырып, 2050 жылға дейінгі инвестициялық бағдарламаны жүзеге асыру әуежайдың өткізу қабілетін жылына 55 миллион жолаушыға дейін ұлғайтуға жол ашады.

Сондай-ақ кездесуде өңірлердегі әуежайларды өркендету бойынша жана бірлескен жобаларды ілгерілету

перспективасы талқыланды. Groupe ADP бас директоры мемлекет авиациялық инфрақұрылымының қызметіне арналған оңтайлы нормативтік-құқықтық база жасақтағанын айтты.

Мемлекет басшысы Брюссельге сапары аясында қол қойылған Қазақстан Үкіметі мен Еуропалық Одақ арасындағы әуе тасымалының кейбір аспектілері туралы келісім саланы дамытудағы маңызды қадам болатынына сенім білдірді.

Сапар аясында Президент Inditex Group бас директорының орынбасары Сантьяго Мартинес-Лахе Собредоны қабылдады. Қасым-Жомарт Тоқаев Испанияның Inditex Group компаниясы бас директорының орынбасары — сыртқы байланыстар жөніндегі директоры Сантьяго Мартинес-Лахе Собредомен ынтымақтастық перспективасын талқылады.

Мемлекет басшысы экономикалық ықпалдастық казак-испан қарым-қатынасының негізгі тіректерінің бірі болып қала беретінін, ал Қазақстанда барлығы 60-қа жуық испандық компания жұмыс істейтінін айтты.

# МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ РЕФОРМАЛАРЫ ТУРАЛЫ ЖАҢА КІТАП ТАНЫСТЫРЫЛДЫ



Астанада Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаевтың «Реформалар мәні. Қазақстанның болашақ тарихының жеті тарауы» атты кітабы мен «Талдау мектебі» жобасының бесінші легіне қатысушылар әзірлеген «SMART GOVERNANCE: тиімді басқаруға қажетті деректер, аналитика және жасанды интеллект» тақырыбына арналған аналитикалық баяндамалар жинағы көпшілікке таныстырылды. Жаңа туындыларда ұлттық мүдденің негізгі бағыттары қамтылған және Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған ауқымды реформалардың маңызына баса мән берілген.

Аталған жинақ — сарапшылар мен менторлардың «Талдау мектебінің» оқыту бағдарламасы аясындағы бірлескен жұмысының нәтижесі. Онда «Урбанистика, болашақ калалар және өнерлік даму», «Энергетика және орнықты инфрақұрылым», «Экология және климаттық саясат», «Агро-өнеркәсіп және ауылдық жерлердің орнықты дамуы», «Инклюзивтілік және әлеуметтік саясат», «Білім және адам капиталы», «Проактивті мемлекеттік басқару» секілді жеті негізгі бағыт бойынша зерттеулер топтастырылған. Туынды мемлекеттік органдардың башыларымен даярлау қажеттілігі артағанын атап өткен жөн.

Тұсаукесер барысында Мәулен Әшімбаев қазіргі жағдайда шешім қабылдау жан-жақты талдауды талап ететінін, ал аналитикалық қызмет мемлекеттік басқарудың маңызды стратегиялық тетігіне айналғанын атап өтті. Сондай-ақ ол осыған байланысты терең талдау жүргізе алатын мамандардың жана буынымен даярлау қажеттілігі артқанын тілге тиек етті. «Талдау мектебінің» қызметі мен жарық көрген жинақ дәл осы стратегиялық міндетті жүзеге асыруды көздейді.

«Жасанды интеллект дәуірінде мемлекеттік басқарудың тиімді парадигмасын қалыптастыру — аналитикалық және тәжірибелік қызметтің аса маңызды бағыты. Мемлекеттік басқарудың болашақтағы үлгісі — нағыз smart governance, яғни ақылды, технологиялық және икемді басқару. Бұрынғы басқару тәсілдері бүгінгі әлемде толыққанды нәтиже бере алмайды. Smart governance — Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың жаңғырту бағдарының маңызды бағыттарының бірі. Осы ретте сіздердің ұжымдық зерттеулеріңіз Әділетті Қазақстанда жана басқару парадигмасын қалыптастыруға қосылған елеулі үлес екені сөзсіз», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар Сенат Төрағасы «Реформалар мәні. Қазақстанның болашақ тарихының жеті тарауы» кітабы мен «Талдау мектебі» аясында әзірленген баяндамалар жинағының мазмұндық әрі тұжырымдамалық сабақтастығына тоқталды. Автордың әр жылдары жарияланған макалаларының негізінде дайындалған еңбек елдегі жаңғыру үдерістерінің ішкі мәнін ашуға арналған. Кітапта жүргізіліп жатқан барлық өзгеріс Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жүйелі әрі дәйекті саясатына табан тірейтіні айтылған. Жаңа туындының жеті тарауында экономикадан бастап ұлттық бірегейлікке дейінгі маңызды салалар жан-жақты зерделеніп, реформалардың философиялық мәні мен жаһандық маңызы кеңінен талданған.

«Реформалар мәні. Қазақстанның болашақ тарихының жеті тарауы» кітабы Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан кешенді жаңғырту бағдарламасына арналған. Еңбектің әр тарауында Мемлекет басшысының ауқымды реформалар бағдарының негізгі бағыттарына талдау жасалады. Ішкі саясат пен экономика, өнерлік даму мен ұлттық бірегейлік, парламенттік реформалар және Қазақстанның халықаралық аренадағы орны зерделенді. Алайда кітаптың басты өзегі реформалардың мәнін, олардың филосо-

фиялық негіздері мен жаһандық маңызын талдау екенін атап өткен жөн», — деді Мәулен Әшімбаев.

Кездесу барысында Мемлекет басшысының Әділетті Қазақстан құруға бағытталған саяси бағдарын ілгерілету және жүзеге асыру жөніндегі бастамалар мен өзге де өзекті мәселелер талқыланды.

— Бұл еңбектің негізгі миссиясы — соңғы жылдардағы өзгерістерді үзік-үзік оқиға деп емес, өзара ұштасқан біртұтас құбылыс ретінде көрсету. Мәулен Сағатханұлы оқырманға сол ауқымды суретті көрсетіп, ірі шешімдердің түпкі себептерін дәл түсіндіреді. Сондықтан бұл туынды реформалардың жай ғана тізімі емес. Бұл — Қазақстанның жана дәуірдегі шежіресі, мемлекетіміздің заманауи генезисі десек те болады. Мұнда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың елімізді өркендетуге бағытталған стратегиялық даму курсы жан-жақты талданған. Автор елде болып жатқан терең өзгерістердің ішкі логикасын жеткізеді. Кітаптың басты құндылығы, менің ойымша, осында сияқты.

Кітаптың тағы бір қыры. Бүгінде әлем жылдам өзгеріп келеді. Технология дамып жатыр. Экономика өзгеріп жатыр. Адамдардың да талабы өсуде. Кеше дұрыс деген нәрсе бүгін жарамай қалып жатыр. Осындай аласапыран заманда әр ел өз даму моделін табуға тиіс. Бұл — жай таңдау емес. Бұл — ұлт келешегіне қатысты мәселе.

Бұл еңбекте Қазақстан сыртқы жағдайға жалтақтап, тек бейімделіп отырған ел емес, керісінше, өз жолын, өз бағытын өз еркімен тауып жатқан дербес мемлекет ретінде көрсетілген.

Туынды дәл осы ізденістің мәнін түсіндіреді. Әр стратегиялық таңдаудың астарын ашып, неге дәл қазір, неге дәл осындай қадамдар жасалып жатқанына жауап береді.

Жалпы, бұл кітапта көтерілген маңызды мәселелер аз емес. Соның ішінде әділеттілік тақырыбын бөлек айтсам. Өміріміздің көп бөлігі құқық қорғау мен сотта өтті. Қоғамның әділеттілікке деген шөлін жақсы түсінеміз.

Бұл еңбек тағы үш маңызды ой қозғайды. Біріншіден, біз кез келген реформаның нәтижесін тез көргіміз келеді. Бірақ оған уақыт керек. Кітап осы ақиқатты еске салады. Екіншіден, реформа тек биліктің ісі емес. Ол әр адамның ықыласы мен санасына байланысты. Себебі күшті мемлекет тек қана қуатты қоғаммен бірге қаланады. Үшіншіден, бұл туынды жастарға, мемлекеттік қызметшілерге, бизнеске пайдалы құрал. Ол билік туралы ғана емес. Ол еліміз туралы, адамдар мен болашағымыз туралы өте терең кітап. Мәулен Сағатханұлы да, оқырмандарды да жана еңбектің жарық көруімен құттықтаймын. Кітаптың ғұмыры ұзақ болып, ел игілігіне қызмет ете берсін деп тілеймін!, — деді Парламент Сенаты Төрағасының орынбасары Жақып Асанов.

Кітаптарды көпшілікке таныстыру рәсіміне Парламент депутаттары, мемлекеттік органдардың өкілдері, халықаралық және қоғамдық ұйымдардың мүшелері, сондай-ақ сарапшылар мен ғылыми-зерттеу орталықтарының мамандары қатысты.

## ӨКІМГЕ ҚОЛ ҚОЙДЫ

Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов Парламент Палаталарының бірлескен отырысын шақыру туралы Өкімге қол қойды.

«Қазақстан Республикасы Конституциясының 58-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының бірлескен отырысы 2026 жылғы 26 маусымда сағат 10.00-де Астана қаласында шақырылсын», — деп жазылған Өкімде.



## ҚОҒАМДЫҚ ПАЛАТАНЫҢ ЖҰМЫСЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

Мәжіліс жанындағы Қоғамдық палатаның жұмысы аяқталды. Қорытынды отырыста Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов палата мүшелеріне заң шығару қызметіне белсене араласып, жемісті жұмыс атқарғаны үшін алғысын білдірді, олардың басты жетістіктерін атап өтті.



Ерлан Қошанов Қоғамдық палата ауқымды саяси өзгерістер бастау алып, азаматтық қоғамның рөлі күшейген кезеңде құрылғанына тоқталды.

— Сол тұста Мемлекет басшысы көшелермен аландардағы пікірталас Парламент қабырғасына өтуі керек деген болатын. Мәжіліс жанында Қоғамдық палатаның құрылуы осыған жауап болды. Бүгінгі таңда атқарылған жұмыс мазмұнды, қоғам сұранысына сай әрі нәтижелі болды деп сеніммен айта аламыз. Қоғамдық палата еліміздің жана саяси жүйесінде лайықты орынды иеленді, — деді Мәжіліс Төрағасы.

Спикер Қоғамдық палата еліміздің дамуындағы өзекті мәселелер бойынша сындарлы пікір айтылатын ашық алаңға айналғанына назар аударды. Бұл ретте, палата мүшелері тек бақылаушы ғана емес, заң шығару процесінің толыққанды қатысушысы болғанын айтты. Олар заң жобаларына қатысты жүздеген тұжырымдамалық ұсыныс жолдап, соның біразы жұмысқа қабылданды.

Сонымен қатар Қоғамдық палата мүшелері қоғамдағы ең күрделі әрі өзекті тақырыптарды талқылауға белсенді атсалысып, мемлекет пен азаматтардың арасында ашық диалогты қамтамасыз етті. Алматы тұрғындарымен Мүлік иелерінің бірлестігі және Пәтер иелері кооперативтерінің проблемалары бойынша кездесулер өткізді. Бұрабайда тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жөніндегі заңнаманың орындалу мәселелерін талқылады. Назарбаев университетінің Медицина мектебінің алаңында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырудың проблемаларын көтерді.

Мәжіліс Спикері атап өткендей, Қоғамдық палата отырыстарында жеңіл тақырып болған жоқ. Олардың қатарында Заңсыз шығарылған активтерді қайтару туралы заң, жана Салық кодексінің нормалары, Масс-медиа туралы заң бар. Бұдан бөлек, Құрылыс пен Цифрлық кодекстер, Жасанды интеллект туралы заң, жергілікті өзін-өзі басқару, лудомания, есірткі қолдану мен тарату және басқа мәселелер кенінен талқыланды.

Ерлан Қошанов Қоғамдық палатаның әр мүшесіне табандылығы мен принциптілігі, жоғары белсенділігі мен үлкен жауапкершілігі үшін ризашылығын білдірді. Депутаттармен бірге заң шығару қызметінде де олардың елеулі әрі маңызды із қалдырғанына мән берді.

## ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ

Премьер-министрінің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаев Батыс Қазақстан облысына жұмыс сапары аясында инфрақұрылымдық дамуға маңызы зор стратегиялық және өндірістік бірқатар нысанды аралап, жобалардың жүзеге асырылу барысымен танысты.

Алдымен үкімет өкілі еліміздегі ең ірі стратегиялық кен орындарының бірі — Қарашығанак мұнай-газ конденсат кен орнына барды. Жоба операторы «Қарашығанак Петролиум Оперейтинг Б.В.» (ҚПО) компаниясы халықаралық консорциум аясында жұмыс істеп жатыр. Онда қазіргі өндірістік көрсеткіштер мен жобаны дамытудың келешегі талқыланды. Делегация кен орнының негізгі өндірістік нысандары жұмысымен, сондай-ақ инвестициялық жобалардың жүзеге асырылу барысымен, оның ішінде қуаттылықты одан

Мәжіліс Төрағасы биыл 1 шілдеден бастап жана Конституция күшіне енетінін еске салды. Оның нормаларына сәйкес, күзде Қазақстан Республикасының бір палаталы Құрылтайы құрылады. Спикер Қоғамдық палатаның мол тәжірибесі мен дәстүрлері Құрылтай жұмысында да жалғасын табатынына сенім білдірді.

Қоғамдық палатаның Төрағасы, Мәжіліс депутаты Айдоос Сарым сегізінші сайланым барысында палатаның 30 отырысы, соның ішінде 10 көшпелі отырыс өткенін айтты. Осы жиындардың қорытындысы бойынша Мәжілістің салалық комитеттері мен уәкілетті мемлекеттік органдарға 500-ден астам ұсыным жолданды.

Ол Қоғамдық палата мүшелері Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобына, Конституциялық комиссияға және «Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» жалпұлттық коалициясының ақпараттық жұмысына белсенді қатысқанына тоқталды.

«Қазақстандағы парламентаризмді дамыту қоры» қоғамдық қорының президенті Зәуреш Батталова Қоғамдық палатаның құрылуы соңғы жылдардағы ең маңызды институционалдық шешімдердің бірі болғанын атап өтті. Оның пікірінше, салыстырмалы түрде аз уақыт ішінде Қоғамдық палата Парламенттің, азаматтық қоғамның, сарапшылар қоғамдастығының, бизнес пен кәсіби бірлестіктердің бірлескен іс-әрекетінің маңызды алаңына айналды. Бұл ретте Зәуреш Батталова институционалдық жалдыны сақтап, жинақталған нәтижелерді сарапшылар қауымының келесі құрамына берудің маңызды екенін айтты.

Еуразиялық тұтынушылар одағының басқарма басшысы, Қоғамдық палата төрағасының орынбасары Светлана Романовская жасанды интеллект технологияларын пайдаланып коммерциялық емес ұйымдардың тәжірибе алмасуы үшін бірінғай алаң құру туралы ұсыныс білдірді. Ал саясаттанушы Данияр Әшімбаев Мәжіліс жанындағы Қоғамдық палата сияқты алаң Парламентке ғана емес, сарапшылардың өздеріне де қажет екеніне тоқталды. Ол сондай-ақ Мәжілістің өткен сегізінші сайланым пікір алуандығы мен ерекшеленетінін атап өтті.

Отырыс қорытындысы бойынша Мәжіліс Төрағасы Қоғамдық палата мүшелеріне алғысхаттар табыс етті.

әрі кеңейтуге бағытталған КРК-1Б жобасымен танысты.

ҚПО бас директоры Марко Марсили компания қызметіне шолу жасап, кейінгі жылдары жүзеге асырылған жобалар консорциумның жоғары күрделіліктегі міндеттерді тиімді орындау қабілетін көрсеткенін атап өтті.

Өз кезегінде Нұрлыбек Нәлібаев мұнай-газ саласының ел экономикасы үшін стратегиялық маңызына тоқталып, өнеркәсіптік өсудің негізгі драйверлерінің бірі ретінде атады.

## ТҮЙТКІЛ

25 МАУСЫМ 2026 | БЕЙСЕНБІ

Көрші мемлекеттегі жанар-жағармай дағдарысы – шекара талғамайтын қауіптің бірі. Іргедегі өрттің жалыны Қазақстанды шарпымас үшін Үкімет қазірден сақтық шараларын іске қосты. Отандық мұнай өңдеу зауыттары бензин мен дизель шығаруды бұрынғыдан үдетті. Бұған қоса, ертең қазақстандық «темір тұлпарлар» дәстүрлі мұнай мен газдан емес, көмірден алынатын инновациялық отынмен жүйтуге көшуі мүмкін. Салада қандай өзгерістер болып жатыр?

**А** Айхан ШӘРІП

МҰНАЙЛЫ ЕЛДІҢ МҰНЫ

Солтүстік көршіде жанар-жағармай құю стансалары қанырап бос қалған өңірлердің саны апта емес, күн сайын көбейіп барады. РФ билігі бензин мен дизель сатуды шұғыл шектеп жатыр: жанармай тапшылығы өткен аптада РФ-тің 53 субъектінде тіркелсе, осы аптада 60-қа жуықтады. Бұл ретте Ресейдің халықаралық мойындалған өңірлерінің саны 83 екенін ескерсек, ЖЖМ күйзелісі оның 70%-дан астамын қыспаққа алып, құтын қашырып тұр.

Ресейлік ақпарат құралдарының хабарлауынша, көптеген өңірде автокөлік бағына бір құйғанда 20-30 литрден аспайтын бензин және 40-60 литрден көп емес дизель бөледі. Ал канистрге не басқа да құтыға құюға тыйым салынған. Мұндай қатаң әрі жаппай шектеулер Ресей тарихында ешқашан болмаған екен. Ресейлік сарапшылар тіпті 90-жылдары ЖЖС желілері бағаны күн сайын күрт көтергені болмаса, сатып алу мөлшері бойынша шектеу қоймағанын еске салды.

Мұның сыртында Иркутск облысының губернаторы Игорь Кобзев өңірде көптеген ЖЖС қызмет көрсетуді мүлдем тоқтатқанын қынжыла мойындады. Сондай-ақ Саратов, Амур, Тамбов, Липецк, Тула, Тверь, Владимир және басқа облыстардың басшылары жанармай дағдарысы аясында отын босатуды «қолмен басқару режиміне көшіретінін» жариялады. Бұл дегеніміз, ЖЖМ бірінші кезекте полиция, күш құрылымдары, әскерилер мен арнайы қызметтерге бөлінбек. Екінші кезекте оған мемлекеттік органдар, желде жәрдем, өрт сөндірушілер және басқа әлеуметтік қызметтер қол жеткізеді. Одан қалғаны ғана нарықта бөлшек саудаға шығарылды.

Reuters агенттігінің болжамынша, Украинаның ресейлік ірі мұнай өнеркәсібі нысандарына шабуылдың жалғасуына байланысты РФ-та ЖЖМ күйзелісі алда тек күшейе бермек. Себебі халықтың демалысы мен саяхаты маусымы қызды. Көршінің онтүстік өңірлерінде егін орағы науқаны басталып та кетті. Мұның бәрі нарыққа салмақ түсіреді. Осы арада Ресейде ең танымал АИ-95 маркалы бензиннің бөлшек саудадағы бағасы 95 рубльге (шамамен 630 теңгеге), дизель құны 150 рубльге (шамамен 990 теңгеге) жетіп қалды.

Асау бағаны құрықтау мақсатында бензин мен дизелдің Беларусь пен Қазақстаннан тасыла бастағанын кейбір ресейлік ақпарат құралдары жариялап та жіберді.

# ЖАНАРМАЙДЫҢ «ЖАЛЫНЫ»



Ермұқан ДҮЙСӨБАТ (қолжазба)

Энергетика министрлігі бұл ақпаратты растамады.

## ДАҒДАРЫС ЖАНҒЫРЫҒЫ ҚАЗАҚСТАНҒА ЖЕТТІ МЕ?

Осы арада әлеуметтік желіде кейбір қазақстандық ұсақ жанар-жағармай құю стансаларының МӨЗ-дерден өнімнің аз босатыла бастағанына шағымданып жатқаны туралы «суыт хабар» таралды. Сонымен бірге бензин бағасы Қазақстанда да өсе бастапты. Мысалы, алдыңғы айларда АИ-95 бензинінің бір литрі Астанада – 301-309 теңге, Алматыда – 306-313 теңге, Шымкентте 292-297 теңге аралығында сатылған. Ал 23 маусымда АИ-95 Астанада 315 теңгеге, Алматыда 322 теңгеге, Шымкентте 304-305 теңгеге дейін қымбаттапты.

Соған қарамастан еліміздегі ЖЖМ бағасы Ресейдегі ресми бағанын өзінен екі есеге жуық арзан тұрады. Көршінің тұрғындары қатаң шектеулер енгізілген өңірлерде алыпсатарлар «қара нарықта» АИ-95-тің 1 литрінің құнын 200-ден 500 рубльге (3 300 теңгеге) дейін аспандатқанына шағымданып жатыр. Мұндай жағдайда қазақстандық ішкі нарықты сыртқы қысымнан қорғау үлкен маңызға ие болады. Себебі тарыққан ресейлік көлік иелері бензин мен дизельді Қазақстанның шекаралас өңірлерінен бағы мен канистрлеріне құйып әкетуге жаппай тырысары сөзсіз.

Осыған байланысты Премьер-министр Олжас Бектенов жауапты министрліктер

мен құқық қорғау органдарының басшылығын «Үкімет үйіне» жинап, арнайы кеңес өткізді. Онда мұнай өнімдері нарығында қалыптасқан ахуалды талқылап, бірқатар тапсырма берді. Үкімет басшысы ішкі нарыққа сыртқы факторлардың ықпал етуі мүмкіндігін жасырмай, ықтимал сын-тегеуріндерге уақытылы, пәрменді тосқауыл қою керектігін нықтады.

Энергетика министрі Ерлан Ақкен-женовтің мәлімдеуінше, бүгінде Қазақстанның мұнай өңдеу зауыттары ішкі нарықтың қажеттіліктерін толық қамтамасыз ете отырып, штаттық режимде жұмыс істеп тұр. «Еліміздегі бензин, дизель және авиациялық отын қоры 1 миллион тоннадан асады. Бұл өзіміздің тұтынушылардың қазіргі сұранысын толық өтеуге мүмкіндік береді. Мұнай өнімдерімен автожанармай құю стансалары, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер және отандық әуетасымалдаушыларына басымдықпен қамтамасыз етіліп жатыр. Жанар-жағармай материалдарының тапшылығы байқалмайды», – деді еліміздің бас энергетигі Ерлан Ақкенженов.

Оның дерегіне, министрлік елдегі мұнай өнімдерінің өндіріс көлеміне, жөнелтілуіне және қорларының көлеміне тұрақты мониторинг жүргізіп келеді. Сонымен бірге шенеунік мұнай өнімдерін көрші елге заңсыз әкетудің деректері тексеріліп жатқанын, бұл теріс тірлікті дер кезінде тойтары үшін алдын алу шараларына ерекше назар аударылып отырғанын жеткізді. Мәселен, әлеуметтік

желіде кейбір пысық ресейліктердің «Газельді», басқа көлікті канистрге толтырып, Қазақстанды бетке алғаны бейнеленген роликтер әлеуметтік желіні кернеп тұр. Желі жолаушылар автомобилі шағын бензинтасығышқа айналып шыға келеді. Мұндай келеңсіздіктердің жолын кесу үшін Қазақстан автокөліктердің

шикі мұнай неғұрлым жан-жақты әрі тереңірек өңделсе, қалдығы азайып, жанар-жағармай көлемі ұлғая түсері даусыз. Бұл тұрғыда қазақ елінің мақтанар жетістігі бар: өңдеу деңгейі ел тарихында алғаш рет 90%-дан асты.

«Қазақстанда мұнай өңдеу тереңдігін ұлғайту бағытындағы жүйелі жұмыс жалғасады. 2025 жылдың қорытындысы бойынша елдегі барлық 3 мұнай өңдеу зауытында мұнай өңдеудің орташа тереңдігі 87,4%-дан 90%-ға дейін артты. Атап айтқанда, Атырау МӨЗ-інде бұл көрсеткіш – 85%-дан 88%-ға дейін, Шымкент МӨЗ-інде – 86%-дан 88%-ға дейін, ал Павлодар мұнай-химия зауытында 91%-дан 94%-ға дейін жетіп отыр», – деп мәлімдеді ведомство.

мемлекеттік шекараны тәулігіне бір реттен артық кесіп өтуіне шектеу енгізді.

Әлбетте, мемлекет ішкі нарықты қорғаудың басқа да шарасын қабилдау үстінде. Қазір Қазақстан аумағынан «бензовоз» және басқа мамандандырылған автомобиль көлігімен мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін, сондай-ақ теміржол көлігімен жеңіл дистилляттарды шығарып әкетуге тыйым салынған. Осыны бекіткен Энергетика министрлігінің бұйрығы қолданыста.

Айта кету керек, жабық жиында ішкі істер министрі Ержан Сәденов, ҰҚК төрағасының орынбасары – Шекара қызметінің директоры Ерлан Алдажұманов және Қаржылық мониторинг агенттігі төрағасының орынбасары Қайрат Бижанов баяндама жасалды. Олардың баяндамаларын тыңдаған Премьер-министр Олжас Бектенов ішкі мұнай өнімдері нарығының тұрақтылығын қамтамасыз ету стратегиялық маңызға ие екеніне екпін түсірді.

Кеңес қорытындысы бойынша бірқатар тапсырма берілді. Біріншіден, жауапты ведомстволар үйлесімді қимылдай отырып, Ресейдегі сияқты Қазақстанның нарығында жанар-жағармай тапшылығына жол бермеуге тиіс. Бұл үшін олар ел қажеттілігін үздіксіз қамтамасыз етіп, шекарадағы бақылауды күшейтуге және басқа барлық қажетті шараны қабылдауға міндетті.

Екіншіден, ҰҚК Шекара қызметіне келгенге жауапты Қаржы министрлігімен және контрабандамен күресетін Қаржылық мониторинг агенттігімен бірлесіп, мемлекеттік шекарада бақылауды күшейту, мұнай өнімдерін заңсыз тасымалдаудың барлық схемасын анықтап, жолын кесу жүктелді.

Үшіншіден, Энергетика министрлігіне мұнай өнімдерін өндіру, қорлар және тұтыну негізінде тұрақты мониторинг жүргізу және қажет болған жағдайда қосымша шаралар қабылдау жөнінде желде ұсыныстар енгізу тапсырылды. Осы және өзге шаралар тиімді бола ма, жоқ па, оны алда отандық ЖЖС-тардағы бағалардан және көліктер кезегінің ұзын-қысқалығынан білуге болады.

## КӨМІР ЖАНАРМАЙ – ЕРТЕҢНІҢ ЭНЕРГИЯСЫ МА?

Әзірге Энергетика министрлігі берген ақпаратқа жүгінсек, Қазақстан мұнай өңдеу тереңдігін арттыру арқылы да ашық өнімдер өндірісін өсіре бастапты. Яғни

# АЗЫҚТАН АСПАЙТЫН АҚША

Экономикада халықтың қаржылық әлеуетін айқындап тұратын маңызды көрсеткіштердің бірі – ішкі сауда. Сарапшылардың есебінше, елімізде жалпы ішкі өнімнің шамамен 19%-ы осы салаға тиесілі, жұмыспен қамтылған халықтың 17%-ы осы салада еңбек етеді. Оған қоса, жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалардың 27%-ы саудада жұр. Nalyk Finance сараптама орталығының мәліметінше, биылғы бес айда осы ішкі сауда көрсеткіші біраз төмендеген. Ол халықтың сатып алу қабілетінен туындап отыр екен. Нақты табыс төмендеген соң елде ақша жарату да азайған. Жұрт бүгінде тіршілікке ақша жұмсауда тоңазытқыш пен телефон сияқты азық-түлікке жатпайтын тауарларды былай қойып, тек күнделікті тамақ пен ең қажетті деген дүниелерге ден қойған.

**А** Ербол ТҰРЫМБЕТ

Қолға тиген ресми статистиканың бәрі осыған мензейді. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, биылғы қантар-мамыр аралығында сауда саласының өсу қарқыны былтырғымен салыстырғанда баяулаған. Былтыр осы кезеңде сауда көлемі 7,8% өссе, осы жылы 5,6% болып тұр. Өсімнің баяулауы бөлшек саудада да, көтерме саудада да байқалады. Көтерме сауда көбіне ірі бизнестің әңгімесі болғандықтан, оны қоя тұрайық. Бізге керекті бөлшек сауда. Мұндағы өсімнің мұншалық бәсеңдеуіне тұтынушылық несиенің қысқаруы, инфляцияның жоғары болуы, халықтың нақты табысының төмендеуі әсер еткені айтылады. Оған қоса, салық заңнамасындағы өзгерістердің бизнеске жайсыз тиіп жатқаны және бар.

Осылардың ішінде азық-түлік тауарларының сатылымы 10,7%-ға артқанын ерекшеліп айтқымыз келеді. Есесіне азық-түлікке жатпайтын тауарлар саудасы небәрі 0,7%-ға өскен. Жоғарыда айтқан халықтың тек ішіп-жем мен ең керекті

ақшалай табыс бойынша да Ресей бізден оқ бойы озық. Оларда 897 доллар болса, бізде керісінше төмендеп, бар-жоғы 449 доллар болған.

Ұлттық статистика бюросы да мұндай мәліметті растайды. Олардың дерегінде өткен жылдың төртінші тоқсанында халықтың жан басына шаққандағы орташа атаулы ақшалай табысы 254,4 мың теңгені құраған. Бұл 2024 жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 9,8% жоғары екен. Алайда елдегі жоғары инфляция бұл өсімді толығымен жұтып жіберген. Нәтижесінде халықтың нақты табысы төмендеген. Нақты ақшалай табыс индексі былтырғы төртінші тоқсанмен салыстырғанда 97,7%-ды құраған. Демек, жалақы өсімі қымбатшылық қарқынына ілес алмай отыр, яғни номиналды табыс артқанымен, халықтың сатып алу қабілеті төмендеп, нақты әл-ауқаты жақсармаған.

## ХАЛЫҚТЫҢ САТЫП АЛУ ҚАБІЛЕТІНІҢ ПАРИТЕТІН НЕГІЗГЕ АЛУ КЕРЕК

Экономист Айдархан Құсайыновтың пікірінше, сатып алу қабілеті ең алдымен халықтың табысына, әсіресе жалақы деңгейіне байланысты. Ал жалақы – отандық өндірістің қоятын бағасы, бағалар өз кезегінде халықтың шығынын білдіреді. Басқаша түсіндірсек, халық тауарлар мен қызметтерді сатып алады. Сол арқылы кәсіпорындар табыс тауып, жұмысшыларына жалақы төлейді. Осылай ақша ел ішінде айналып, экономиканы қолдап отырады.

Алайда халық негізінен импорттық тауарларды сатып алса, бұл тізбек үзіледі. Мұндай жағдайда жұмсалған қаржының азғантай бөлігі қызмет көрсету саласы мен салықтар арқылы ел экономикасында



Елнар ҚАБАҒ (қолжазба)

қалады да, негізгі бөлігі шетелдік өндірушілердің табысы мен басқа мемлекеттердің бюджетіне кетеді.

Экономист мұны елден байлықтың сыртқа ағылуына әкелетін үрдіс деп сипаттайды. Оның сөзіне қарағанда, Ұлттық банктің статистикасы бойынша мемлекеттік шығыстардағы әрбір 100 теңгенің шамамен 80 теңгесі шетелдік өндірушілерге кетеді. Демек, бұл қаржы экономикалық белсенділік арттырудың орнына басқа елдердің әл-ауқатын жақсартады. Осылайша, тұтынушылық шығындардың шамамен 30%-ы да шетел экономикасына жұмыс істеп жатқанын айтады. Мұндай жағдайда халықтың әл-ауқатын, табысын және сатып алу қабілетін тұрақты арттырып отыру қиын. Шығын көлемін арттырып, жағдайды уақытша жақсартуға болады. Бірақ қаржы азайған сәтте бәрі бұрынғы қиын қалпына қайта түседі.

«Шикізаттың, несиенің, сауда үстемесінің немесе салықтардың бағасын арзандату жөніндегі ұсыныстар түбегейлі мәселені шешпейді. Біріншіден, бұл нарық қағидаларына сәйкес келмейді. Екіншіден, кез келген арзандату бір тарапқа пайда

әкелсе, екінші тарапты шығынға батырады. Коммуналдық тарифтер мен экспортқа қойылған шектеулер осының айқын мысалы», – дейді сарапшы.

Сондықтан оның пікірінше, егер экономиканың мұнай мен металл секторынан басқа көптеген саласы әлсіз болса, онда мәселе жекелеген нарықтағы кемшіліктерде емес, жалпы экономикалық жүйенің өзінде. Елдер арасындағы баға деңгейін салыстыруға мүмкіндік беретін негізгі макроэкономикалық көрсеткіш – сатып алу қабілетінің паритеті.

Айта кетейік, халықтың сатып алу қабілетінің паритеті дегеніміз – әрбір елдегі өмір сүру құнының айырмашылықтарын ескере отырып, экономиканың нақты көлемін бағалайтын көрсеткіш. Халықаралық валюта қорының осы көрсеткіш бойынша жариялаған тізімі бар. Бір қызығы, біздің жағдайымыз ол жерде соншалық әлсіз емес. 2025 жылды қорытындылап берген рейтингте Қазақстан Сингапурдан кейін 35-орында тұр. Онда ел экономикасының көлемі 973 млрд доллар деп көрсетілген. Ал рейтингті Қытай (43,49 трлн доллар) мен АҚШ (31,82 трлн доллар) бастап тұр.

# ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛАНТТАРДЫҢ ТЫНЫСЫ

Бүгінде әлемнің түкпір-түкпірінен келген бағдарламашылар мен стартап негізін қалаушылар Қазақстанды жаңа мүмкіндік мекені ретінде қарастыра бастады. Кейінгі жылдары елімізге қоныс аударған IT мамандар саны артып, Қазақстан Орталық Азиядағы технологиялық хабқа айналуға батыл қадам жасағанын көріп отырмыз.

## Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ

нығайтуда. Осы трансформацияның негізгі құралдарының бірі — Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен 2025 жылғы қаңтарда іске қосылған Digital Nomad Residency бағдарламасы. Бұл бастама жасанды интеллект, Big Data және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы әлемдік деңгейдегі сарапшыларды тартуды қуатты тетігіне айналды.

Бағдарлама «цифрлық көшпенділерге» жай ғана жеңілдетілген келу мүмкіндігін емес, аймақтағы ең серпінді технологиялық экожүйелердің біріне толыққанды интеграциялануды ұсынады. Қазақстандық форматтың бірегейлігі — IT-мамандардың шетелдік және жергілікті компаниялармен жұмыс істеп, біздің ортақ IT-қауымдастықтың бір бөлігі бола алатын барынша ашық юрисдикция құруында. Қатысушылар отбасы мүшелері үшін тұрақты тұру рұқсатын алып, Astana Hub арқылы 0% салық режимінде өз компанияларын тіркеу мүмкіндігіне ие болады. Бұл жоба Trusted Kazakhstan концепциясының бір бөлігі, — деді маман.

Сонымен қатар Үкімет 2026 жылы елдегі жұмыс күшінің жалпы санының 0,25% құрайтын шетелдік жұмыс күші квотасын бекітті. Квотаның бөлінуі ретіне көз жүгіртер болсақ, аға басшылар мен олардың орынбасарлары үшін 726 рұқсат, бөлімшелер басшылары үшін 3 402 рұқсат, мамандар үшін 5 893 рұқсат және білікті жұмысшылар үшін 3 131 рұқсат беру қарастырылыпты. Ал маусымдық жұмысшылар үшін 4 994 рұқсат беріліпті.

Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің бізге берген мәліметінше, қазір Astana Hub резидент-компаниялары 30 мыңнан астам жұмыс орнын ашып, оның ішінде 4 000-ға жуық шетелдік



IT мамандарды жұмысқа тартқан. Барлық 2 311 резидент-компанияның 509-ы, яғни шамамен 22%-ы шетелдік қатысуы бар ұйымдар қатарында.

### «ЦИФРЛЫҚ КӨШПЕНДІЛЕР» АҒЫНЫ

Сарапшылардың пікірінше, «цифрлық көшпенділердің» Қазақстанға келуіне экономика жағдайы, даму стратегиялары, жергілікті деңгейде технологиялық құзыреттіліктің болуы және басқа да әлеуметтік-экономикалық факторлар ықпал етеді. Олар еліміздің ақпараттық технологиялар секторының өсіп-өркендеуімен қатар, инновацияларды ынталандырудың бірегей мүмкіндіктеріне қызығушылық танытып отырған көрінеді.

— Қазір жасанды интеллект, финтех, киберқауіпсіздік және cloud computing бағыттарына деген сұраныс жоғары. Шетелдік мамандардың біздің елді тандауына Astana Hub резиденттері арналған 0% салық режимі, компания тіркеудің жеңілдетілген әрі жылдам тетіктері, Қазақстанның бейтарап халықаралық мәртебесі, сондай-ақ Еуропа мен Азия

арасындағы стратегиялық географиялық орналасуы тікелей әсер етеді. Бұл факторлар оларға Орталық Азия мен Қытай нарықтарына еркін қол жеткізуге мүмкіндік береді, — деді Н. Закарин.

Сонымен қатар маманның пікірінше, шетелдік мамандарға отандық мамандармен салыстырғанда ешқандай артықшылық беріліп отырған жоқ. Біздің еліміз тарапынан олар берілген ең басты кепілдік — қауіпсіздік пен елімізде алансыз тұруға және еңбек етуге деген мүмкіндіктің болуы.

— Шетелдік мамандар үшін ешқандай арнайы артықшылықтар қарастырылмаған. Олар Astana Hub жергілікті резиденттерімен бірдей салықтық және құқықтық жағдайда жұмыс істейді. Шетелдік сарапшыларды тартудың негізгі мақсаты — нарықтың жалпы дамуына серпін беру, жаңа жұмыс орындарын ашу және жергілікті мамандармен тәжірибе алмасу үдерісін күшейту. Біз талантты әрбір маманның өз әлеуетін дәл осы жерде іске асырып, қазақстандық экономикаға үлес қоса алатын орта құруға ұмтыламыз, — деді маман.

Жалпы айтар болсақ, 2050 жылдарға дейінгі еңбек нарығы туралы болжамдарында Президент жанындағы Қазақ-

станның стратегиялық зерттеулер институты қызық деректер ұсынады. Мәселен, ҚСЗИ экономикалық саясатты талдау бөлімінің басшысы Анна Альшанская: «Біздің айналымда іс жүзінде қарама-қайшы демографиялық траекториялар қалыптасқан» деген қозғалысқа алға тартты. Оның болжамына, бір жағынан — Ресей мен Қытай, онда халықтың картаюы мен санының азаюы күшейіп жатыр. Екінші жағынан — жастар үлесі жоғары әрі халық саны өсіп жатқан Орталық Азия елдері бар.

— Жұмыс орындарының тапшылығы жағдайында Қазақстан өңірдегі баламалы тартылыс орталығы ретінде ролін біртіндеп күшейтіп келеді. Соңғы жылдары Орталық Азия елдерінен Қазақстанға келушілер саны айтарлықтай артты. Көші-қон, экономикалық және демографиялық саясатты және қазіргі трендтерді ескере отырып алдын ала жоспарлау маңызды. Қазақстан таланттарды тартатын өңірлік орталық ретінде проактивті позиция ұстанып, өз азаматтары үшін де, мигрант жұмыс күші үшін де мүмкіндіктер аймағы ретінде дамуы қажет, — дейді Анна Альшанская.

Ал еліміздің еңбек нарығына шетелдік білікті мамандардың келуі кадр тапшылығы мәселесіне әсер етіп қана қоймай, отандық IT мамандар үшін бәсекелестікті арттырады деп болжанған. Сарапшылардың пікірінше, олардың біздің елге көптеп келуі осы саладағы отандық мамандардың жұмыспен қамтылуына әсер етпей қоймайды. Сол сияқты жетілдірілген әлеуметтік интеграцияны талап ететін тілдік және мәдени айырмашылықтарға байланысты әлеуметтік-мәдени қайшылықтар туындауы мүмкін.

Алайда Astana Hub мүшелерін қолдау кеңсесінің директоры Нұрмахан Закариннің айтуынша, маңызды инфрақұрылым мен стратегиялық нысандарға қолжетімділік арнайы заңнамамен реттеледі. Сондықтан шетелдік мамандардың келуі ел қауіпсіздігіне қатер төндірмей деуге негіз жоқ.

— Бұл мәселе мұқият бақылауда. Бағдарламаның барлық қатысушысы міндетті тексеруден өтеді, оған құжаттарды растау, онлайн сұхбат, мемлекеттік органдардың тексерісі және биометриялық деректерді жинау кіреді. Маңызды инфрақұрылымға қол жеткізу мәселесі арнайы заңнамамен реттеледі және бұл Astana Hub резиденті болу-болмауына тәуелді емес. Мамандар мемлекеттік емес, тек коммерциялық секторда жұмыс істеу үшін тартылады, — деді маман.

Қорыта айтқанда, Қазақстанның IT нарығы бүгінде өңірлік деңгейден асып, халықаралық технологиялық кеңістікте өз орнын қалыптастырып келеді. Дегенмен бұл үдеріс еңбек нарығындағы бәсекелестікті күшейтеді, әлеуметтік бейімделу және ұлттық қауіпсіздік мәселелерімен қатар жүреді. Сондықтан еліміз үшін халықаралық таланттарды тарту мен жергілікті кадрлық әлеуетті дамытудың арасындағы тепе-теңдікті сақтай отырып, цифрлық экономиканың тұрақты әрі қауіпсіз дамуына қамтамасыз ету маңызды.

Ақтөбе облысы еліміздегі өнеркәсіптік, табиғи ресурстық және инвестициялық әлеуеті жоғары өңірлердің бірі саналады. Аймақта жүзеге асырылып жатқан әртараптандырылған ірі инвестициялық жобалар еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына тың серпін беріп келеді.



Өңірде инвестициялық ахуалды одан әрі жақсарту мақсатында 2025-2027 жылдарға арналған инвестициялар тарту жөніндегі кешенді жоспар іске асырылуда. Құжат аясында жана өндіріс орындарын ашу, өндіріс өнеркәсіпті дамыту, экспорт көлемін ұлғайту және заманауи технологияларды енгізу көзделген. Бұл жұмыстар өңір экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттырып қана қоймай, халықты жұмыспен қамтуға және тұрғындардың әл-ауқатын жақсартуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар 2025 жылы құрылған «Ақтөбе» арнайы экономикалық аймағы инвесторлар үшін қолайлы жағдай қалыптастырып, жаңа өндірістерді іске қосуға жол ашты. Салықтық және әкімшілік жеңілдіктердің арқасында өңірде тартылатын инвестиция көлемі артып, өнеркәсіп саласының дамуына жаңа мүмкіндіктер туындап отыр. Ашық ақпарат көздеріндегі деректерге сәйкес, былтырғы жылдың 10 айының қорытындысы бойынша өңірдің экономикалық өсімі 103,6%-ды құрап, өнеркәсіп өнімінің индексі 101,3%-ға жеткен. Инвестициялық тартымдылықты арттыру және шетелден қаржы көзін тарту бағытында

өңір экономикасына 892 млрд теңге инвестиция құйылып, өсім 129%-ды құраған. Сарапшылардың пайымынша, бұл кәсіпорындардың тұрақты жұмыс істегенінің нәтижесінде өнім көлемінің артқанын көрсетеді.

Алайда экономикалық өсіммен қатар қоршаған ортаны қорғау мәселесі де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Өнеркәсіп көлемінің артуы табиғи ортаға түсетін жүктемені күшейтуі мүмкін болғандықтан, өңірде өндірістік даму мен экологиялық қауіпсіздіктің арасындағы тепе-теңдікті сақтау маңызды міндеттердің біріне айналып отыр. Мұнай және газ өндіру, тау-кен өндірісі, феррокорытпа және металлургия, химия өнеркәсібі, құрылыс материалдарын өндіру секілді ірі индустриялық өнеркәсіптік негізгі салалардың болуы аймақтың экологиялық ахуалына аса көп көлемде зиянын тигізіп жатқаны жасырын емес. Мәселен, 2023 жылы атмосфераға шығарылған зиянды заттардың көлемі шамамен 160 мың тоннаға құраған. Дегенмен экологиялық қордаланған мәселелерді шешу мақсатында кәсіпорындарда заманауи сүзгі жүйелерін орнату, қалдықтарды қайта

## АҚТӨБЕ: ЭКОНОМИКАЛЫҚ СЕРПІН ЖӘНЕ ЖАСЫЛ БОЛАШАҚ

өндеуді дамыту, ауа мен су сапасына тұрақты мониторинг жүргізу және жасыл технологияларды енгізу, көгалдандыру жұмыстарын күшейту жұмыстары қолға алынған.

Бұл тұрғыда Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасының маңызы зор. Бағдарлама қоршаған ортаның сапасын жақсартуға, елді мекендердің санитарлық жағдайын көтеруге және тұрғындардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. Ақтөбе облысында да аталған бастама аясында көгалдандыру, абаттандыру, заңсыз қырықтарды жою және қоршаған ортаны қорғауға бағытталған кешенді жұмыстар жүргізілуде.

Жақында облыс әкімі Асхат Шахаровтың төрағалығымен өткен аппарат мәжілісінде «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасының іске асырылуы, сондай-ақ облыс аудандары мен Ақтөбе қаласындағы санитарлық тазалық пен абаттандыру мәселелері қаралды. Жиында өңірдегі тазалық пен абаттандыру жұмыстарының сапасын арттыру, көгалдандыру қарқынды күшейту және елді мекендердің санитарлық жағдайын тұрақты бақылауда ұстау мәселелері кеңінен талқыланды. Облыс әкімі жауапты мекемелер мен аудан әкімдеріне бұл бағыттағы жұмыстарды жүйелі түрде жүргізуді тапсырды.

Облыстық Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Исатай Еспағанбетовтің айтуынша, аймақта экологияны басқарудың неғұрлым технологиялық әрі жүйелі моделіне көшу жұмыстары жалғасуда. Ауаның сапасын бақылау мақсатында өңірде төрт атоматандырылған бақылау стансасын орнату жоспарланған. Олар Алтын Орда және Есет батыр тұрғын алаптарында, сондай-ақ Шалқар ауданының Біршоғыр ауылында орналастырылады. Бұл стансалар атмосфералық ауаның жай-күйін нақты уақыт режимінде бақылауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар Ақтөбе қаласының айналасында 15 гектар аумақты қамтитын жасыл белдеу, ал аудан орталықтарының

маңында 10 гектардан жасыл аймақтар құрылады деп жоспарланған. Көгалдандыру жұмыстары 1 қарашаға дейін жалғасуда. Облыс бойынша биыл көктемде жалпы саны 46,7 мың көшет отырғызылды.

Исатай Еспағанбетов республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында құрылған @TazaQazBot Telegram-ботының жұмысына да тоқталды. Бұл сервис тұрғындарға заңсыз қырықтардың үйінділері, абаттандыру мәселелері, аумақтардың ластануы және басқа да экологиялық проблемалар туралы жедел хабарлауға мүмкіндік береді.

«Таза Қазақстан» чат-боты арқылы өңір тұрғындарынан өтініштер тұрақты түрде келіп түседі. Барлық өтініш тұрақты бақылауда болады және әрбір өтініш бойынша тиісті шаралар қабылданады. Бұл құрал мәселелерге жедел әрекет етуге және халықпен тиімді кері байланыс орнатуға мүмкіндік береді, — дейді И. Еспағанбетов.

Ал Ақтөбе қаласының әкімі Азамат Бекет қалада көшелер мен қоғамдық кеңістіктерді кешенді тазалау жұмыстары тұрақты түрде жүргізілетінін айтты. Оның ішінде тротуарлар, аялдамалар, саябақтар мен гүлзарларды механикаландырылған тәсілмен тазалау, ірі көлемді және заңсыз төгілген қоқыстарды шығару жұмыстары бар. Қала әкімінің есебінше, бұл жұмыстарға 88 арнайы техника мен коммуналды қызметкердің 345 қызметкері тартылған. Қаланың санитарлық жағдайын қамтамасыз ету 16 уақсақ бойынша мердігер ұйымдарға бекітілген. Сонымен қатар автомобиль жолдарын жазғы күтіп ұстау жұмыстары 711 көшеде және 54 тұрғын алапта жүргізілуде. Тазалық жұмыстарына 200-ден астам қызметкер мен 100-ден астам арнайы техника жұмылдырылған. Барлық техника GPS-трекерлермен жабықталған, бұл орындалған жұмыстардың сапасы мен көлемін бақылауға мүмкіндік береді.

— Бұл GPS-бақылау жүйесі арнайы техниканың жұмысын нақты уақыт режимінде қадағалауға мүмкіндік беріп, атқарылатын жұмыстардың ашықтығы мен

сапасын арттырады. Сондай-ақ жаңа келісімшарттар аясында қаланың санитарлық жағдайын қамтамасыз ету және жол желісіне қызмет көрсету жұмыстарын 2026 жылдың ортасына дейін жүзеге асыратын мердігер ұйымдар анықталды. Олардың міндетіне тазалау, суару, сығыру, жол жабындарын тегістеу және жол жиектерін күтіп ұстау кіреді, — дейді қала әкімі.

Облыс әкімі Асхат Шахаров «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында барлық мекеме мен кәсіпорын басшыларына санитарлық тазалық жұмыстарын күшейтуді, заңсыз қоқыс үйінділерін жоюды жеделдетуді, цифрлық мониторинг құралдарын дамытуды және экологиялық іс-шаралардың тиімділігін арттыруды әрі қарай да жалғастыруды тапсырды.

«Экологиялық жұмыстар бүгінде заманауи цифрлық шешімдер мен тұрақты бақылауға негізделуі қажет. Ауаны мониторингтеу жүйелерін енгізуді жеделдету, заңсыз қоқыс үйінділерін жою жұмыстарын күшейту және қатты тұрмыстық қалдықтарды шығарудың ашық есебін қамтамасыз ету керек. Елді мекендерді көгалдандыруға және жоспарланған барлық іс-шараны белгіленген мерзімде орындалуына ерекше назар аударуы тиіс. Сондай-ақ тұрғындардың өтініштеріне жедел жауап беру үшін «Таза Қазақстан» чат-ботының мүмкіндіктерін белсенді пайдалану маңызды. Мемлекет, бизнес және халықтың ортақ жауапкершілігі арқылы ғана өмір сүруге қолайлы әрі таза ортаны қамтамасыз ете аламыз», — деп атап өтті өңір басшысы.

Қорыта айтқанда, экономикалық даму мен экологиялық жауапкершіліктің үйлесімді сабақтастығы Ақтөбенің тұрақты өсімін қамтамасыз етіп, өңірдің болашақтағы бәсекелестік артықшылығын нығайта түседі. Бұл бағытта жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында цифрлық мониторинг жүйелері мен көгалдандыру жобалары табиғатты қорғау ісін жана деңгейге көтеруге мүмкіндік беріп отыр.



25 МАУСЫМ 2026 | БЕЙСЕНБІ

Еліміздегі ең көне қорықтың бірі – Наурызым қорығы. 30 маусымда қорықтың құрылғанына тұп-тура 95 жыл толмақ, Мерейлі мереке қарсаңында табиғат жанашырларының жұмысын көзбен көріп, қорық қойнауына саяхаттап қайтқан едік.

## Айсұлу СЪЕЗХАН

Қорық әкімшілігі Қостанай облысы Наурызым ауданына қарасты Қараменді ауылында орналасқан. Бұл жерге жету үшін алдымен Астанадан Қостанайға пойызбен жолға шықтық, қалаға жетіп алған соң ауылға жүретін көлікке отырдық. Біздің қорыққа сапарымыз елдің солтүстігіндегі тамаша табиғатты көруге тұрарлықтай екеніне өбден көз жетті.

Қорық қызметкерлері әдетте келушілерге сәуір айында сапарлатуды ұсынады, дәл осы уақытта қорық тіршілігі түгелдей оянып, дала қызыл-сары кілемге боялып, Қызыл кітапқа енген қызғалдақтар гүлдей бастайды. Алғашында бұл сәтті көре алмадық деп өкінідік те, алайда дала сыры жан баласы үшін қашан да құпия екенін кейін түсіндік. Әр мезгілден, әр еттен бөлек бір күй табасын. Аппак ренге бояп, солтүстік даласын селеу басып жатыр екен. Самал ескен сайын селеудің толқынына қарап, теңізде жүзіп жүргендей әсерде келеміз. Әлемде бұл өсімдіктің 300-ге жуық түрі бар. Ал Наурызымда оның жеті түрі кездеседі, екеуі Қызыл кітапқа енген.

XVII ғасырда Мешітбай Сүгірұлы деген атақты би өмір сүріпті. Жәнібек Тархан қазақ жерін ноғайлардан, жоңғарлардан қорғап қалып, кейіннен Наурызым жерін Мешітбай Сүгірұлына басқаруға береді. Би шығстан осы жаққа наурыз айында ат басын бұрады. Алыстан көл көрініп тұр, ар жақта орман мен әсем табиғатқа қарап тұрып «Мынау, расымен, наурыз ғой» деген екен, содан бері бұл жер Наурызым атанып кетті деген аңыз бар. Наурызым жерінің аты қалай пайда болғанын нақты ешкім де білмейді, бірақ бұл жер, расымен, Наурызым десе, Наурызым екен.

### ТЕХНИКА ТҮГЕЛ ЖАНАРДЫ

Түс ауған уақытта Қараменді ауылына да жеттік, бізді қорық басшысы Дулат Ғауезханұлының өзі күтіп алды. Күннің ыстығы қайтпай тұрса да, қорық аумағына шығып әңгіме құруды ұсындық. Жол талғамайтын ауыр көліктің біріне отырып, қорыққа қарай сүңгіп барамыз. Көзге бірден қорық базасындағы су жана көліктер түсті. Қорық басшысының айтуынша, қазір қорық қызметкерлерінің жұмысын оңтайландыруға арналған техниканың саны артып келеді.

— Қазір Үкіметтің көзқарасы өзгерген, барлық техника түрімен қамтамасыз етіп жатыр. Қазір ұжымда 110 адам жұмыс істейді, 64 маман шатта, қалғаны – штаттан тыс жұмыскерлер. Бәрі де қызметтік формамен, жана техникалық көліктермен қамтамасыз етілген. Бытыр 8 өрт сөндіргіш көлік алдық, өздігінен өртті сөндіруге арналған, қауіпсіздік режимі орнатылған форсуналар әкелінді. Қазір 191 мың гектар аумақты бейнебақылау жүйесі арқылы түгелдей бақылай аламыз. Аумақта шаң көтерілсе де, түгін шығып, өрт тұтанса да, анықтайтын жүйеміз бар, — деп бастады ол әңгімесін.

Басшының сөзінше, шағын өрт сөндіру көліктерінің маңызы орасан, қазіргі жеңіл көліктерде 300 литр су құюға болады, бұл техникалар оқиға орнына тез жетіп, өрттің алдын алуға тиімді. Қазір қорыққа дәл осындай 6 көлік алынған, сонымен қатар бұл қатарда Niva Travel, Газель Соболь, Great Wall Wingle, УАЗ Профи, Lovol, Howo Sitrak, КамАЗ АЦ-5, ГАЗ Садко, JAC T6 сынды заманауи техникалар бар. Бірнеше жыл бұрын болған орман өртінен кейін, расымен де, бұл салаға жаңашылдық келгенін байқадық.

— Қазір техникалық мүмкіндіктеріміз артып келеді, жалақымызды көтерді, жана көліктермен қатар дрон да алдық. Инспектордың жалақысы шамамен 250 мыңға дейін көтерілді, ары қарай еңбек өтіліне байланысты есептеле береді. Бұдан бөлек, 30 метрлік мұнараларға арнайы бақылау жүйесін орнаттық. Бір камера 30 шақырымға дейінгі аралықты жақындатып көрсете алады, осындай мұнаралы 10 бейнебақылау жұмыс істеп тұр, — дейді Дулат Ғауезханұлы.

Әңгіме айтып жатып, біраз жол да жүріп өтіптіз, жазық даладан ары Докучаевский қыратына шығып барамыз. Қорықтың биоауланту рлі сипатына қайран қаласын, мұнда сулы-батпақты, шөлі-шөлейтті, қыратты, орманды жерде бар. Қорық Торғай мен Сыпсын ойпатында орналасқан, жалпы, аумақ Наурызым, Тірсек және Сыпсын атты үш бөліктен тұрады. Қорық ауданы 191 мың гектарға созылып жатыр. Мұнда 687 өсімдіктің түрі болса, 12-сі Қызыл кітапқа енген. 320 түрлі құс, 46 сүтқоректі мекен етеді, оның ішінде орман сусары Қызыл кітапқа енген.

### КОРЫҚТЫҢ ӨЗ ТӘРТІБІ БАР

Көліктер түсіп, ары қарай орманға кіріп барамыз. Биыл Наурызымда табиғат ерте оянған, ауа райы да құбылып, температура жоғарылап тұр. Дулат мырзаның



# Наурызымның таңын көрсең, нұр тұнған...

айтуынша, күн қатты ысығанда, қорыққа қарапайым адамдарға кіруге болмайды. Сонымен қатар аумаққа кез келген адам емін-еркін кіре алмайды, арнайы рұқсат қағаз алу керек екен.

— Біріншіден, қорық болғандықтан да, қарапайым адамның кіруіне тыйым салынады, екіншіден, 30 градустан аса ыстық ауа райында кіруге шектеу қойылады. Кейде сырттан келетін қонақтар ауа райын ескермей, білмей қалып жатады. Сол кезде ғана қонақтарды кері қайтармай, алысқа жібермей көрсетіп шығамыз. Көктем тұса, қорыққа келетін жұрт көбіей бастайды, сырттан келетін шетелдіктердің де саны артады, — дейді ол.

Қорық басшысының сөзінше, туристердің санына байланысты да шектеу қарастырылған, қорықтың өзіне тән ереже-тәртібі болады. Қорық аумағына 14-16 адамнан артық кіруге тыйым салынған. Жақында орнатылған бейнебақылау жүйесі де тәртіпті күшейтуге едәуір ықпал еткен көрінеді. Мысалы, бұл жүйе арқылы кімнің қайда бара жатқанын оңай анықтауға болады, тіпті жан-жануарды анық көруге мүмкіндік бар.

— Таң ата камераны қарасақ, қабандар өріске шығады, бұландар жайылады, жануарлардың санағын да жүргізіп алуға болады. Қорықта шөп шабуға, от жағуға болмайды, туристік аймақ ретінде дамып келе жатқанымен, бәрі шектеулі тәртіппен жүзеге асады. Күніне бір, екі топты ғана кіргіземіз. Бұл шешіміміз өте дұрыс, әйтпесе неше түрлі қызмет көрсету орны салынып, андар үркіп қашып кетуі мүмкін, — дейді қорық басшысы.

Тіпті, мұндағы орман жидектерін теріп алуға болмайды, қорықта жабайы бұлдірген, сиверс алмасы, дала шесі, қаракат мол өседі. Дала шесінің ұзындығы 3 шақырымға дейін жетеді, алайда бұл жеміс-жидек аң-құстың қысқы азығы болғандықтан, тиісуге тыйым салынған.

— Бұл қорық болғандықтан, жануарларға биотехнологиялық өнімдер, яғни қысқы азық дайындамаймыз, андарға көмек жасамаймыз, аң ауламаймыз, ағаш та кеспейміз. Кейінгі жылдары санитарлық талаптарға сәйкес қана жұмыстар жүргізіп отырмыз, одан бұрын бір тал ағаш-бұтаға тиіспейтінбіз, құлаған, сынған ағаш сол орнында шіріп қала беретін, — дейді Дулат мырза.

### ӨРТКЕ ҚАРСЫ КҮРЕС КҮШЕЙГЕН

Қорықта «Соснов», «Бетағаш» және «Наурызым» атты үш орманшылық бар. Біз бұл тұста Беатағаш орманшылығына жеткен едік. Қорық мамандары аумақты өрттен қорғау мақсатында түрлі шара атқарып жатқанын бұл кезде де байқап үлгердік. Жол бойы қап-қара жолақтарға көз алмай қарап келеміз, бұл минерал жалақ деп аталады екен. Қызметкерлер мұны көктем шыққанда, жер жыртып арнайы дайындайды, минерал жолақ от тұтанған жағдайда өртті өршітпей ұстайды. Наурызым 95 жылдық тарихында көптеген өзгерісті бастан кешірген. 50-жылдары мәртебесін жоғалтып, Аншылық шаруашылығы да болды, одан 5 жылдан соң Орман шаруашылығына айналды, құрылысқа қаншама ағаш кесілді, андар атылды. 1966 жылы мәртебесін қайта иеленгенмен, қорық аумағы едәуір азайды. Қорық алғаш рет құрылғанда, 250 мың гектар аумақты алып жатқан, 1977 жылы 83 мың гектар ғана болды. 2004 жылы 103 мың гектарға жетсе, бүгінде сол сактық шаралары мен тыңғылықты жұмыстың нәтижесінде 191 мың гектарға ұлғайып отыр.

Бір қызығы, өткен ғасырда орманды Аман алып қалу мақсатында, қолдан ағаш та егілген. 70 жылдары Мәскеуден, Санкт-Петербурдан, Алматыдан, Көкшетаудан ғылыми қызметкерлер

келіп, зерттеу жүргізген. Сол кезде қарағайдан айырылып қаламыз ба деген қорқыныш туып, қолдан ағаш егіле басталды, алайда кейін ол ағаштар ауырып өліп қалды, табиғатқа бейімделе алмай, аман қалғанын өзі жапырағын кең жая алмапты. Ал 1986 жылғы зерттеу нәтижесіне сәйкес, орман табиғи қалпын сақтап, ағаш өздігінен көбейетіні дәлелденді. Қорықтың ерекшелігі де осында, орман өзін қалпына келтіре алады, адам кірісіп, қандай да бір жағдай жасаудың қажеті жоқ. Қазір қорықта теректің 3, қайының 3, қарағайдың 4 түрі кездеседі. Оның ішінде қырғыз қайының (қызыл қайың) ерекше атауға болады. Қырғыз қайыны — Қазақстанның эндемик өсімдігі, оны тек Солтүстік Қазақстан өңірінен таба аласыз. Бұдан бөлек, дала және орман тобылғысы мен итмұрынның 5 түрі бар.

Орманға бай табиғат қойнында жан-жануардың да небір түрі кездесетіні түсінікті. Осы ормандарда бұлан, елік мекен етеді, қасқырлар да бар, биыл акбөкендер де осында қыстайды.



— Қазір фототұзақтардың санын арттырдық. Жақында үш түрлі жерге орнатқан фототұзақтан Қызыл кітапқа енген орман сусарын көрдік. Кейінгі рет бұл жануарды 2003 жылы көрген едік. Басшы болып келгенімде, браконьерлікпен күресті күшейттім, қазір ешқандай да заңбұзушылық тіркелген жоқ, бәрі ойдағыдай, — дейді Д. Ғауезханұлы.

Орманға енген сайын шаққыш жәндіктерге талана бастадық, мұнда 1000-ға жуық омыртқасыздар тіршілік етеді. Осындай алуантүрлілікке таңданып та, жәндіктерге таландық та, бірақ оған қарамастан Дулат мырзаға сұрағымызды жаудырып келеміз. Осы бетте еліктің шауып өткенін көріп қалдық, ертегіге кіріп кеткендейміз. Бірнеше рет бұланды байқап қалдық, ағаштардан бұланның кемірген ізін көрдік, табиғаттың әр құбылысы бізге қызық болды.

### ДАЛА ТЕНІЗІНЕ ШОМЫЛҒАНДАР

Мұндай табиғатты көрген жан баласында арман жоқтай көрініді. Расымен, талай шетелдік ғалым осы жерге келіп, топырағына аунап-қунап, армансыз өмір сүрген. Бірнеше жылың қазақ жерінің табиғатын зерттеуге арнаған. Қорықтың директоры Дулат Ғауезханұлының осы салаға деген махаббатын ашқан да сол — ғалымдар.

— Шығыс өңірінде әскери борышымды өтедім, сол жақтың табиғаты ерекше ұнады, өзім сол кезде биология мамандығын таңдап, жоғары оқу орнында оқып жүргенмін. Кейін туған жерге, Наурызымға оралдым, ғылыми қызметкерлермен таныстым. Дүниежүзінде жалғыз Дала институты бар, ол Орынбор қаласында орналасқан. Сонда Тибельев деген ғалым қызмет етеді, ол 4 жылда бір рет бүткіл даланы аралап, зерттеу жүргізеді. Бізге келіп, Тірсек жерін зерттеді, 70-ке қараған шағы болса керек. Тірсектің топырағына жатты да, жерге аунай берді, Мәскеуден келген басқа ғалымдар да жерге аунай бастады. Бұларға не болған, жыданғаннан сау ма деп таңғалдым, сонда көлік жүргізетін жігіттің бірі «Олар даланың теңізіне шомылып жатыр» деп айтты, — дейді Д. Ғауезханұлы.

Табиғатқа деген мұндай махаббаттан кейін Дулат мырза да өз ісін айрықша сүйіп кеткен екен. Әу баста әскери салада генерал боламын деп армандаған жас жігіт табиғатты қорғау саласының генералына дейінгі жолды жүріп өтті. Дулат мырза біз көрген ормандарды жаяу түгел аралаған, бұл жердің әр тасын, әр ағашын санасына жаттаған, қай ағашта қандай құстың ұясы барын біледі.

— Табиғат құн салқындағанда оянады. Бұландар, еліктер күн ыстықта қайыңның түбіне келіп жатып демалады, салқындайды, кешке жайылымға шығады. Ана жерде он екі терек өседі, сол жерде қасқырдың апаны бар. Мына жерде бүркіттің ұясы бар. Жабайы шошқалар бар. Мұнда орман құстары көп кездеседі, қарақұс та осында бар, Қазақстандағы қарақұстардың қырық пайыз осы жерде ұя салады. Мұнда үш жүз бүркіт бар, — деп сайрай жөнелді ол.

Дулат мырза табиғаттың тосын сырын да талай көрген, жыртқыш жануарлармен де талай бетпе-бет кездесіп қалған. Орманды аралап келе жатып, есте

ерекше қалған оқиғаларын да бөлісіп үлгерді.

— 2004-2005 жылдардың кезі. Әріптесіміз екеуіміз «Урал» мотоциклмен келе жаттық, күн ыстық, мотоцикл де қыза берді, өзіміз де шаршаладық. Қолымызда видеокамера бар, сол кезде қасқырдың апаны суретке түсіруге шықтық. Тынығып отырған едік, бір мезетте тобылғының арасынан бірден жүгіріп бара жатқандай сезілді. Сөйтсек, қабандар шығып жатыр. Оны көріп, камераны ұстай сала, артынан жүгірдік. Алдымыздан аталығы шығып қала ма деген ой кейін келді де, енді артқа қарай қашып барамыз. Қорыққаннан камераны құлатып алмағанымызға таубе деп қайттық, — дейді Д. Ғауезханұлы.

Ал бірде ол ағаштың түбінде қалып кетіп, оянғанында, үкінің ұясын көрген. — Көзімді ашсам, алдымда сілеусін тұр, шошып кеттім. Анықтап қарасам, үкі екен, бауырында балапандары қозғалып жатыр. Қуанып кетіп, ақырындап қашып барамын. Кейін ғылыми қызметкерлерге үкінің ұясын көрдім деп айтсам, «Үкі балапаны үшін түлкі, қасқырға да атылатын құс дейді» деп түсіндірген. Керісінше, аман қалғаның үшін қуан дейді. Үкі де Қызыл кітапқа енген, бізде үш ұясы бар. Біреуін жақсы білемін, үлкен қарағайдың түбіне ұя салған екен, бұдан, расында, түлкі, қасқырдың өзі қорқалды, — дейді Д. Ғауезханұлы.

### КОРЫҚТЫҢ КӨЛДЕР ЖҮЙЕСІ

Наурызым көлдерінің де өз ерекшелігі бар, негізінен су жүйесі Солтүстік көлдері деп аталатын Сарымойын және Ақсуат көлдерінен тұрады. Көлдердің 11 жылдық циклі бар, яғни бұлар депрессиялық көлдер, көбіне жауын-шашын, қар суынан жиналып толысады. 11 жылда қайтадан кеуіп, суы азия бастайды. Басшының сөзінше, былтыр көл өз арнасынан шығып кетіп, толған. Енді алда су кебе береді екен.

— Қазір он бір жылдай су болса, аң-құс көп болады, қалай су кетеді, жан-жануар азия бастайды. Дегенмен алаңдауға негіз жоқ, бізде қолдан жасалған көлдер бар, бұлақтар мен су қоймалары бар, — дейді Д. Ғауезханұлы.

Сарымойын мен Ақсуаттың суы тұщы болса, Жарман тұзды көлге жатады. Ақсуат пен Сарымойын аумағы құсқа өте бай, он түрлі балық тіршілік етеді. Аққулар, сұңқылдақ аққулар мен суқұзғынды да кездестіруге болады. Біз көлге барып үлгермесек те, ақбас тырнаны және орман ортасынан қарақұсты көрдік. Мұнда туристер жиі жүретін соқпақ бар, ары қарай соған жол тартып, бұлақ басына тоқтадық. Бұл бұлақтан бірнеше жыл бұрын сынама алынып, судың өте таза, сапалы екені анықталған.

### НАУРЫЗЫМНАН АҚУЛА ТІСІ ТАБЫЛҒАН

Наурызым жерінде бұрын алып мұхит болған деген болжамдар бар, оған дәлел — Тірсек жерінен табылған ақула тістері мен мамонт мүйізі. Қазір бұл заттай деректер Қостанай облысының тарихи-өлкетану музейінде сақтаулы тұр. Біз бұл музейге де жолай соғауды жоспарлап едік, алайда біз барған уақытта мұражай реставрациялық жұмыстар жүргізіліп жатты. Бұрын жергілікті тұрғындар сол мұхиттың табанынан қалған тұзды жинап алатын деген әңгімелер де кездеседі.

Қазір қорықтың тарихы, өсімдіктер, жан-жануарлар жүйесі, топырағы, суы түгел зерттеліп жатыр. Қорықтың ғылыми бөлімі техникалық мүмкіндіктері пайдаланып, ғылыми зерттеуге көп көңіл бөліп жатыр. Қорық әкімшілігі Ахмет Байтұрсынұлы атындағы университетпен, Міржақып Дулатұлы атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университетімен, ғылыми институттармен, техникалық колледждермен, Астанадағы ботаникалық бақпент тығыз байланыста жұмыс жүргізіп жатыр. Сонымен қатар Аризона университетінің мамандары, Қытай, Америка, Германия, Ресей, Финляндия, Ұлыбритания, Франция, Испания ғалымдары да ғылыми зерттеулер жасауға жиі келеді. Бүгінде қорық жанынан оқушыларға арналған «Экологиялық үйірме» жұмыс істеп тұр. Осы үйірменің түлектері, туған жердің өрендері арасынан табиғатты қорғау саласына қызметке келгендер де жетерлік. Назарбаев зияткерлік мектептерінің оқушылары практикаға келсе, өзге өңірдің жастары жазғы лагерьге де жолдана алады. Бір сөзбен айтқанда, Наурызым — еліміздегі ғылыми орталықтың бірі десек артық емес.

— Токсан бес жылдық емес, алдағы жүз жылдыққа ерекше көңіл бөліп отырмыз. Сол себепті биыл құр мақтанғойлықті, бос ысырапшылдықты болдырмай, бар күшімізді ғылымға салсақ дейміз. Жүз жылдық мерейтойда ірі ғылыми конференция өткізу жоспарымызда, алдағы бес жылда ғылыми қызметкерлеріміз ізденісін арттырады, — дейді Дулат мырза да.

### ЕЛДЕГІ ЕҢ ҮЗДІК КЕЛУ ОРТАЛЫҒЫ

Бұдан ары қарай дрон ұшырып, табиғат көрінісін алақандағыдай күйде көрдік. Одан соң туристерге арналған келу орталығына соқтық, бұл жерде бұрын Табиғат музейі жұмыс істеген екен. Ары қарай әңгімемізді директордың ғылыми ісі жөніндегі орынбасары Еламан Қазиханұлымен жалғастырдық.

— Туристер келген кезде, алдымен осы орталыққа кіргізіп, қорық жайлы ақпарат беріп, таныстырамыз. Орталық 2012 жылы салынған, бұрын бұл орталықтың орнында шағын Табиғат музейі жұмыс істеген. Қорықтың 80 жылдығы аясында реконструкциялық жұмыстар жүргізіліп, еліміздегі ең үздік келу орталығының біріне айналды. Келу орталығы ішкі туризмді, экотуризмді дамыту бағытында жұмыс істейді. Қыс кезінде немесе жазда аптап ыстық болып, қолайсыз жағдайда, қорық аумағы келушілер үшін жабық болады. Сондықтан осында қорықтың тыныс-тіршілігін, тарихын, көркем жерін таныстыру мақсатында жұмыстар жүргіземіз, — дейді ол.

Маманның айтуынша, қорықты қорғау жұмыстары өте жүйелі ұйымдастырылған, мысалы, қорық аумағының сыртында 116 мың гектарды алып жатқан қорғау аймағы бар, ал оның ені 2 шақырым болады. Екіншіден, бұл жерде заңнамаға сәйкес қорғау аймағында ауыл шаруашылығы қызметін жүргізуге рұқсат етіледі екен. Бұл — ауыл тұрғындарына жасалған үлкен мүмкіндік.

Наурызым жайында таңды таңға жалғап әңгіме өрбітуге болар еді, бірақ мың рет естігенше, бір рет көргеніңізді қаладық. Ендеше Наурызымға сіз де келіңіз, оқырман.

Кейінгі жылдары Жамбыл облысында инвестициялық ахуалды жақсарту, кәсіпкерлікті қолдау және өңір экономикасын әртарапандыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді. Осы баянды бастаманың бағдарын саралап, алдағы міндеттерді айқындауға арналған маңызды алаңдардың бірі – Меркі ауданында өткен «Меркі бизнес форумы» болды. Ауқымды іс-шараға Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев арнайы қатысып, өңірдің инвестициялық мүмкіндіктері мен экономикалық даму перспективалары жөнінде кеңінен сөз қозғады.



## ӘУЛИЕАТАНЫҢ ӘЛЕУЕТІ АРТЫП КЕЛЕДІ

**А** Саятхан САТЫЛҒАН,  
Жамбыл облысы

— Мемлекет басшысы өңірлердің экономикалық әлеуетін күшейтіп, инвестиция тарту мәселесіне ерекше назар аударып келеді. Бұл бағытта Жамбыл облысында да ауқымды жұмыстар атқарылуда. Соңғы үш жылда өңір экономикасына 764,5 миллиард теңге инвестиция тартылып, облыс негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі бойынша республикадағы көшбасшы өңірлердің қатарына енді. Бүгінде біз бұл көрсеткіш бойынша елімізде үшінші орында тұрмыз. Сонымен қатар тікелей шетелдік инвестициялар көлемі де айтарлықтай артты. Егер бірнеше жыл бұрын бұл көрсеткіш 184 миллион АҚШ долларын құраса, бүгінде 289,7 миллион АҚШ долларына жетті. Оның басым бөлігі — жеке инвестициялар. Бұл кәсіпкерлер мен инвесторлардың өңірдің болашағына деген сенімінің нақты дәлелі, — деді Ербол Шырақпайұлы.

Аймақ басшысы өңірде жүзеге асырылып жатқан инвестициялық жобалардың нәтижесіне де тоқталды. Оның айтуынша, биыл алғашқы төрт айда жалпы құны 143 миллиард теңгені құрайтын төрт ірі инвестициялық жоба іске қосылып, нәтижесінде 920 жаңа жұмыс орны ашылған. Ал жыл соңына дейін құны 458,8 миллиард теңгені құрайтын тағы 47 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарланып отыр. Бұл жобалардың арқасында 2 700-ден астам тұрғын тұрақты жұмыспен қамтылмақ.

Басқосу барысында өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына, кәсіпкерлік саласының өркендеуіне және қоғамдық жұмыстарға белсенді үлес қосқан бірқатар азаматқа құрмет көрсетіліп, арнайы марапаттар табысты.



**Биыл алғашқы төрт айда жалпы құны 143 миллиард теңгені құрайтын төрт ірі инвестициялық жоба іске қосылып, нәтижесінде 920 жаңа жұмыс орны ашылған.**

Бизнес форумда сөз алған белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Назмалы Омашев облыстағы он өзгерістерге тоқталып, соңғы жылдары елді мекендердің көркейіп, жаңа әлеуметтік нысандардың көптеп салынуы халықтың бірлігі мен ынтымағын нығайта түскенін айтты. Ғалымның пікірінше, өңірдің тұрақты дамуы — билік пен халықтың өзара сенімі мен бірлескен еңбегінің нәтижесі.

Жиында кәсіпкерлер тарапынан да нақты ұсыныстар мен маңызды жобалар таныстырылды. Солардың бірі — Novek

жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Меркі ауданындағы өкілі Бахыт Көкебаевтың бастамасы болды. Оның айтуынша, алдағы жылдары Меркі ауданы аумағында жалпы құны 6 миллиард теңгені құрайтын екі заманауи колледж салу жоспарлануда екен. Атап айтқанда, медициналық және құрылыс бағытындағы білім беру ұйымдары бой көтермек. Әрқайсысы мың студентке арналған бұл оқу орындары өңірдің кадрлық әлеуетін арттыруға және еңбек нарығында сұранысқа ие мамандар даярлауға мүмкіндік береді.

Келесі кезекте сөз тізгіндеген «Меркі ет комбинаты» ЖШС-ның директоры Берік Егембердиев туған жерге жанашырлық таныту әрбір азаматтың азаматтық борышы екенін атап өтті.

Форум аясында Меркі ауданы әкімдігі мен туған жердің дамуына қолдау білдірген азаматтар арасында жалпы құны 360 миллион теңгені құрайтын алты ынтымақтастық меморандумына қол қойылды.

Бизнес форумының қорытынды бөлімінде Меркі ауданының бай тарихы мен мәдени мұрасын, көркем табиғаты мен туристік әлеуетін кеңінен таныстыратын «Меркі» фотокітабының тәуәкесері өтті. Жинақта ауданның көрікті жерлері, тарихи ескерткіштері, ұлттық құндылықтары мен бүгінгі даму келбеті фотосуреттер арқылы жан-жақты көрсетілген.

Осылайша, «Меркі бизнес форумы» өңірдің экономикалық мүмкіндіктерін кеңінен танытып қана қоймай, кәсіпкерлер мен жергілікті билік арасындағы ынтымақтастықты нығайтқан маңызды диалог алаңына айналды. Форумда көтерілген бастамалар мен қол қойылған келісімдер ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына жаңа серпін берері айқын.

## «АЛЖИРДЕ» АЗАПТАЛҒАН АЯУЛЫЛАР



Біз жақында аты әйгілі «АЛЖИР» музейіне бардық. Бұл – тарихымыздың ең қасіретті беттерін әйгілеп берген, саяси қуғын-сүргін жылдарының шындығын ашатын ерекше орын екен.

Астана қаласының маңында, Ақмола ауылында орналасқан лагерде «Отаны сатқан халық жаулары» деген жала жабылғандардың әйелдері қамалған. Әрине, оның ішінде қазақ зиялыларының да әйелдері көп болыпты. Азап түрмесінде 18 мыңнан астам әйел жазықсыз жапа шексе, олардың көбі күйеуінен бас тартпаған аяулы жандар еді.

Осы лагерде әйгілі жазушы Бейімбет Майлиннің жұбайы Гүлжамал Майлина 5 жылын өткеріпті. Тұрар Рысқұловтың жары Әзиза Рысқұлова туған анасымен бірге 10 жылға сотталып, осы жерде болғанын естіді. Әзизаның аяулы анасы осы лагерде өмірден өтіпті. Ал өзі 18 жыл ғұмырын қуғын-сүргінде өткізген.

Әкесурия барысында біз көптеген көрмені тамашаладық. Онда тұтқындалардың тұрмыстық заттары, киімдері, хаттары мен құжаттары қойылған. Әсіресе, кеудесіне нөмір тағылған әйел мүсіні, оны бақылап тұрған күзетшінің бейнесі ерекше әсер қалдырды. Бұл көріністен жас жүрегім түршікті.

Менің жүрегімді ауыртқан тағы бір тақырып — осы жерде дүниеге келген балалар. Ресми дерек бойынша, 1507 сәби лагерде дүниеге келіпті. Оның көбі зорлық-зомбылықтан туған балалар екен. Ол сәбилердің туу туралы куәлігінде тек анасының аты-жөні көрсетілген, ал «әкесі» деген жол бос қалған. Себебі олардың әкелері лагердегі күзетшілер, НКВД қызметкерлері болған...

«АЛЖИР» музейі тек тарихи орын ғана емес, ол әділдік, адам құқығы және еркіндік туралы ойландыратын маңызды мекен екенін ұқтым. Бұл жерге барған әрбір адам өткен тарихты ұмытпау керек екенін түсінеді. Экскурсиядан кейін біз жазықсыз жапа шеккен жандардың тағдырына құрметпен қарап, бейбіт өмірдің қадірін тереңірек сезіндік. Репрессия жылдарының шындығы соңғы жылдары біздің елімізде кең насихатталып жатыр. Осының бәрі мұндай азала тарихтың қайталанбауына кепіл болса керек.

**Ақжүніс ҰЗАҚБАЕВА,**  
Ақтобе қаласы

Сатып алуды ұйымдастырушы: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (бұдан әрі — Университет).

Мекенжайы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан.

Байланыс телефоны: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62

Сатып алу әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» регламентінің (бұдан әрі — Регламент) 23-бабы) — тармағы негізінде ашық конкурс тәсілімен Университеттің №1 Қыздар жатақханасына ағымдағы жөндеу жұмыстарын сатып алу. Жөндеу жұмыстары жобалық смета құжаттарына сәйкес жүргізіледі.

Сатып алуға қатысу шарттары: Жұмыстарды орындау мерзімі 30 күнтізбелік күн. Сатып алуға қатысушылар Университет Регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуы қажет.

1. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы (құжаттары);

2. Әлеуетті өнім берушінің бухгалтерлік балансы немесе оның талап етілген бөлімдері, егер жоқ болса, оған тенеістірілген өзге де құжаттары, уақытша қабылданған құрылыс жұмыстары мен толық қабылдау процедуралары аяқталған құрылыстарға қатысты қызмет көрсету саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары (жұмыстың орындалу мерзімі мен көлемі әкімшілік өзіндік ерекшелікте көрсетілгені жөн);

3. Әлеуетті өнім берушінің орындаған жұмыс көлемін растайтын жалпы табысы туралы анықтамасы немесе сатып алу нысаны болып табылатын жұмысты орындау саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары;

4. Кәсіби және техникалық біліктіліктерін анықтау үшін келесі құжаттарды тапсыру талап етіледі: әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзыретті органдарға тіркеле отырып, жұмыс істеуге рұқсаты және баға ұсынысын жасауға құзыреттілігін растайтын құжаттары; Баға ұсыныстарын беру кезеңінде ҚҚС төлеуші болып табылған жағдайда ҚҚС төлеуші екендігін растайтын құжаттарын қоса ұсына отырып, баға ұсыныстарының шегінде ҚҚС қоса есептеп ұсыну қажет.

5. Әлеуетті өнім берушінің ұйымдық құрылымы толық көрсетілген және өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмысты орындау үшін тиісті біліктілікке ие қызметкерлерінің және өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын қызметті көрсету немесе құрылыс жұмыстарын

орындау саласындағы әкімшілік (басқарушы) қызметкерлерінің құрамы мен техникалық қызметкерлерінің кәсіби білімі мен біліктілігін растайтын құжаттары;

6. Өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмысты орындау үшін қажетті материалдық-техникалық ресурстарының бар екендігін растайтын құжаттары;

7. Құжаттардың ішінде құрылыс және осыған қатысты жұмыстарды сатып алу бойынша құрылысты бақылау немесе басқару қызметтеріне жұмысқа қабылданатын жеке тұлғалардан инженер немесе сәулетші мамандығының иесі екенін растайтын құжаты талап етіледі. Мекеме қызметкерлерінің еңбек қауіпсіздігі, төтенше жағдайлардағы қауіпсіздік, техникалық қауіпсіздік шаралары, әлеуметтік қорғалуы талаптарының қамтамасыз етілгендігін нақтылау үшін еңбек заңнамаларына сәйкес үлгілік еңбек шартын ұсынуы қажет. Жұмыстарды орындау барысында, дәнекерлеу, электр монтаждары жұмыстарын орындау қажеттілігі туындаған жағдайда, аталған жұмыстарды орындайтын қызметкерлерінің 3-санаттан кем емес рұқсат құжаттары болуы қажет.

8. Өтінімді қамтамасыз ету мақсатында әлеуетті өнім беруші ұсынған жалпы сомасының кем дегенде 5%-ы мөлшеріндегі қаражатын төмендегі реквизиттерге енгізуі қажет; Тапсырыс беруші: «Қожа Ахмет Ясауи Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесі, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В, БСН 990440008043, HSBKZKX KZ436010291000010707, «Қазақстан ХалықБанкі» АҚ.

Сатып алынатын жұмыстардың тізімін (қосымша) <http://ayu.edu.kz> сайтының хабарландыру парақшасынан және/немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 214 кабинеттен алуға болады.

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты: Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, тізімделіп, парақшалар баулауып, нөмірленген түрде мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 7 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 203 кабинетте қабылданады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 02.07.2026ж. (12:00), 201 кабинет.

Сатып алуды ұйымдастырушы: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (бұдан әрі — Университет).

Мекенжайы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан.

Байланыс телефоны: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62

Сатып алу әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» регламентінің (бұдан әрі — Регламент) 20-бабы негізінде ашық конкурс тәсілімен Университеттің №2 Ерлер жатақханасына ағымдағы жөндеу жұмыстарын сатып алу. Жөндеу жұмыстары жобалық смета құжаттарына сәйкес жүргізіледі.

Сатып алуға қатысу шарттары: Жұмыстарды орындау мерзімі 45 күнтізбелік күн. Сатып алуға қатысушылар Университет Регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуы қажет.

1. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы (құжаттары);

2. Әлеуетті өнім берушінің бухгалтерлік балансы немесе оның талап етілген бөлімдері, егер жоқ болса, оған тенеістірілген өзге де құжаттары, уақытша қабылданған құрылыс жұмыстары мен толық қабылдау процедуралары аяқталған құрылыстарға қатысты қызмет көрсету саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары (жұмыстың орындалу мерзімі мен көлемі әкімшілік өзіндік ерекшелікте көрсетілгені жөн);

3. Әлеуетті өнім берушінің орындаған жұмыс көлемін растайтын жалпы табысы туралы анықтамасы немесе сатып алу нысаны болып табылатын жұмысты орындау саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары;

4. Кәсіби және техникалық біліктіліктерін анықтау үшін келесі құжаттарды тапсыру талап етіледі: әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзыретті органдарға тіркеле отырып, жұмыс істеуге рұқсат құжаты болуы және баға ұсынысын жасауға құзыреттілігін растайтын құжаттары; Баға ұсыныстарын беру кезеңінде ҚҚС төлеуші болып табылған жағдайда ҚҚС төлеуші екендігін растайтын құжаттарын қоса ұсына отырып, баға ұсыныстарының шегінде ҚҚС қоса есептеп ұсыну қажет.

5. Әлеуетті өнім берушінің ұйымдық құрылымы толық көрсетілген және өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмысты орындау үшін тиісті біліктілікке ие қызметкерлерінің және өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын қызметті көрсету немесе құрылыс жұмыстарын орындау саласындағы әкімшілік (басқарушы)

қызметкерлерінің құрамы мен техникалық қызметкерлерінің кәсіби білімі мен біліктілігін растайтын құжаттары;

6. Өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмысты орындау үшін қажетті материалдық-техникалық ресурстарының бар екендігін растайтын құжаттары;

7. Құжаттардың ішінде құрылыс және осыған қатысты жұмыстарды сатып алу бойынша құрылысты бақылау немесе басқару қызметтеріне жұмысқа қабылданатын жеке тұлғалардан инженер немесе сәулетші мамандығының иесі екенін растайтын құжаты талап етіледі. Жұмыстарды орындау барысында мекеме қызметкерлерінің еңбек қауіпсіздігі, төтенше жағдайлардағы қауіпсіздік, техникалық қауіпсіздік шаралары, әлеуметтік қорғалуы талаптарының қамтамасыз етілгендігін нақтылау үшін еңбек заңнамаларына сәйкес үлгілік еңбек шартын ұсынуы қажет. Жұмыстарды орындау барысында, дәнекерлеу, электр монтаждары жұмыстарын орындау қажеттілігі туындаған жағдайда, аталған жұмыстарды орындайтын қызметкерлерінің 3-санаттан кем емес рұқсат құжаттары болуы қажет.

8. Өтінімді қамтамасыз ету мақсатында әлеуетті өнім беруші ұсынған жалпы сомасының кем дегенде 5%-ы мөлшеріндегі қаражатын төмендегі реквизиттерге енгізуі қажет; Тапсырыс беруші: «Қожа Ахмет Ясауи Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесі, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В, БСН 990440008043, HSBKZKX KZ436010291000010707, «Қазақстан ХалықБанкі» АҚ.

Сатып алынатын жұмыстардың тізімін (қосымша) <http://ayu.edu.kz> сайтының хабарландыру парақшасынан және/немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 214 кабинеттен алуға болады.

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты: Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, тізімделіп, парақшалар баулауып, нөмірленген түрде мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 20 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 203 кабинетте қабылданады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 15.07.2026ж. (12:00), 201 кабинет.

25 МАУСЫМ 2026 | БЕЙСЕНБІ

# AQSHAM TALKS: ЗЕРДЕЛІ ҰЛТ ҚАЛАЙ ҚАЛЫПТАСАДЫ?

Астана қаласында Qazaq Creative Hub алаңында «Зерделі ұлт: оқу мәдениеті және ұлт болашағы» тақырыбында Aqsham Talks зияткерлік алаңы ұйымдастырылды. Жобаны Elorda Aqparat медиасеріктестігі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығын қолдау мақсатында өткізді.

Ашық диалог алаңында халықаралық тәжірибесі бар, IT, филология, педагогика және креатив индустрия салаларында танылған спикерлер кітап оқу мәдениетін қалыптастыру және зерделі ұлт болу жолындағы тың ойларын ортаға салды.

Іс-шараның ашылуында Elorda Aqparat ЖШС директоры Олжас Сыдықбек сөз сөйлеп, Aqsham Talks жобасының мақсаты мен маңызына тоқталды.

— Aqsham Talks — білім, технология, саясат, кәсіп және тұлғалық даму секілді қоғам үшін маңызды тақырыптарды талқылауға арналған ашық алаң. Мұнда өз саласында жетістікке жеткен тұлғалар тәжірибесімен бөлісіп, өмірлік сабақтары мен ой-пікірлерін көпшілікке ұсынады. Жобаны Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығын қолдау мақсатында қолға алдық. Атап өткерлігі, бүгіннен бастап «Астана ақшамы» газетінде арнайы Aqsham Talks айдары жарық көреді. Онда оқу



Іс-шара барысында филолог-зерттеуші Арын Құнанбайұлы ұсынған «Қоғамның басты мақсаты — тек кітап оқитын емес, балаларға кітап оқып беретін ұлтқа айналу» және «кітап оқу мәдениетін қалыптастырудағы ата-ананың рөлі» туралы ойлары жиналған көпшілікті бейжай қалдырмады десек болады. Оның айтуынша, баланың миы оқуға, ойлауға және талдауға дәл осындай ортада бейімделеді.

— Оқу — құр ақпарат жаттау немесе мораль қабылдау ғана емес. Бұл — мінез қалыптастыратын

— Зерттеулерге сүйенсек, адам күніне шамамен 34 гигабайт ақпарат қабылдайды. Бірақ сол ақпараттың қаншасы санамызда сақталады? Кешегі істеген нәрсемізді ұмытып қаламыз. Әлеуметтік желілерді қарап отырып-ақ миымызға орасан көп мәлімет енгіземіз. Алайда оның басым бөлігі талданбайды, ой сүзгісінен өтпейді, — деді ол.

Спикердің айтуынша, мұндай жағдайда кітап оқудың маңызы арта түседі. Дегенмен қазіргі балаларды жасанды интеллектпен толықтай алыстату мүмкін емес.

— Бүгінгі күні балаға ChatGPT немесе басқа жасанды интеллект құралдарын қолданба деп айта алмайсыз. Ол — абсурд. Керісінше, ата-аналар ЖИ-ді пайдалы құралға айналдыра білуі керек. Мысалы, жасанды интеллект жүйесіне қазақтың макал-мәтелдерін енгізіп, балаға арналған жеке чат-бот құруға болады. Сонда бала қандай сұрақ қойса да, ЖИ мақал-мәтелмен жауап беретін болады. Осылайша, ол қазақ мақал-мәтелдерін білетін болады, байқамай-ақ ұлттық мұраны менгеріп, — деді Тимур Бектұр.

Оның пікірінше, қазіргі балалар ақпаратты көбіне визуалды түрде қабылдайды. Сондықтан әдебиет пен тарихты заманауи технологиялардың көмегімен түсіндіру — уақыт талабы.

Шара барысында Тимур Бектұр өзі әзірлеген Абаймен виртуалды сұхбат құруға мүмкіндік беретін және қазақ хандары туралы мәліметтер топтастырылған чат-боттарды таныстырды. Ол мұндай чат-боттарды «Технологиядан үркетін емес, оны дұрыс пайдалана білетін ұрпақ өсіру және кітап оқитын әрі ойлай алатын ұлтқа айналу мақсатында қолдана білейік», — деп ойын түйіндеді.

Aqsham Talks зияткерлік алаңында спикерлер кітаптың тұлға қалыптастырудағы рөлі, ата-ананың дүниетанымы және ұлттық құндылықтарды заманауи технологиялар арқылы насихаттау жолдары туралы маңызды ойларын ортаға салды. Қатысушылар пікірінше, кітап оқу мен сыни ойлау мәдениетін дамыту — ұлттың интеллектуалдық әлеуетін арттырудың басты тетігі. Ал технология мен дәстүрді ұштастыра отырып, білімді әрі ойлы ұрпақ тәрбиелеу бүгінгі қоғамның маңызды міндеттің бірі болып қала береді.

T.ЕСДӘУЛЕТ



мәдениеті, зерделі ұлт қалыптастыру, қоғамдағы өзекті мәселелер жөніндегі мақалалар, сұхбаттар мен пікірлер осы айдар аясында тұрақты түрде жарияланатын болады, — деді Олжас Сыдықбек.

Ал Сенат депутаты Нұртөре Жүсіп Aqsham Talks жобасы секілді бастамалардың қоғам үшін маңызы зор екенін атап өтті.

— Elorda Aqparat медиасеріктестігі бастаған, Qazaq Creative Hub қолдау көрсеткен бұл жоба игі бастамалардың біріне айналды деп сенемін. Бүгінгі таңда осындай мазмұнды кездесулер өте қажет. Рухани дүниемізді байытып, ойлы орта қалыптастыратын іс-шаралар көбейе берсін. Бүгінгі басқосуға әр саланың білікті мамандары мен өз ісінің үздіктері жиналып отыр. Олар оқу мәдениеті мен ұлт болашағы туралы келеді ойларын ортаға салды деп сенемін, — деді сенатор.

үдеріс. Біз қандай жағдайда ақыл білімінен жеңілмейтін, ойы мен мінезі үйлескен ұлт қалыптастыра аламыз деген сұраққа жауап іздеуіміз керек. Адам қанша кітап оқыса да, мінезі дұрыс болмаса, алған білімі толық пайдасын бермеуі мүмкін, — деді Арын Құнанбайұлы.

Оның сөзінше, адам дүниеге келгенде миы дайын күйде болмайды. Баланың ойлау қабілетін дамыту үшін жанылтып, жұмбақ, ертегі, қисса, жыр мен ән сияқты ұлттық мұралардың маңызы зор. Осындай құралдар арқылы «оқитын ми» қалыптасады.

Ал ЖИ зерттеушісі Тимур Бектұр: «Жасанды интеллектті бала тәрбиесіне қызмет еткізу керек», — деген мәселені көтерді.

Оның айтуынша, бүгінгі адам бір күнде ата-бабаларымыздың өмір бойы жинаған білімінен де көп ақпарат тұтынады.

## ӘУЕЗОВ ТЕАТРЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДРАМАТУРГИЯЛЫҚ БАЙҚАУ ЖАРИЯЛАДЫ

М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры өзінің 100 жылдық мерейтойына орай Қазақстан және Орталық Азия елдерінің драматургтері арасында комедия жанры бойынша халықаралық байқау жариялады.

Байқаудың негізгі мақсаты — ұлттық драматургияның дамуына қолдау көрсету, халықаралық шығармашылық байланыстарды нығайту, театр репертуарын жаңа кәсіби туындылармен толықтыру және заманауи комедия жанрына қызығушылықты арттыру. Сонымен қатар жоба жас әрі жаңа есімдерді танытуға бағытталған.

Байқауға тек комедия жанрындағы пьесалар қабылданады. Ұсынылатын шығармалар толтума болуға тиіс, яғни инсценировкаға жол берілмейді. Сондай-ақ пьесалар бұрын еш жерде жарияланбаған және сахналанбаған болуы қажет. Қатысушылар авторлық құқықты растайтын құжатты қоса ұсынуы міндетті.

Үміткерлер өз туындыларын teatr.auevov@bk.ru электронды поштасына немесе Алматы қаласы, Жібек Жолы көшесі, 154 мекенжайында орналасқан адрес бойынша жолдай алады. Пьесалар қазақ немесе орыс тілдерінде қабылданады. Сонымен бірге автор туралы мәліметтер мен байланыс деректері тіркелуге тиіс.

Шығармаларды режиссерлер, драматургтер және театртанушылардан құралған кәсіби қазылар алқасы бағалайды. Байқау қорытындысы бойынша: I орын алған пьеса театр репертуарына енгізіледі;

II орын иегерінің туындысы кіші формада өзіндік жұмыс ретінде сахналанады;

III орын алған туынды оқылм ретінде талқыланады.

Байқау 2026 жылдың I сәуірі мен I қыркүйегі аралығында өтеді. Қорытындысы I қазан күні жарияланады.

Аталған жоба Қазақстан мен Орталық Азия елдері драматургтерінің өзара байланысын күшейтіп, ортақ театр кеністігін қалыптастыруға ықпал етпек.



## ҚАЛАМГЕРДІҢ ҚОС КІТАБЫ

28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің кәсіби мерекесі. Айтулы мереке жақындаған тұста Egemen Qazaqstan газетінің бас редакторы, жазушы-публицист Ғабит Мүсірептің қос бірдей кітабы жарық көріп отыр. Кәсіби саласына бар өмірі мен күш-жігерін арнаған маманның қуанышына біз де куә болып қайттық. Ғабит Мүсірептің «Соңғы мүмкіндік», «Болмысы бөлек бес қала» атты публицистикалық кітаптарының тұсаукесері Ұлттық академиялық кітапханада өтті.

**А** Айсұлу СЪЕЗХАН



Жиында Мемлекеттік сыйлықтың иегері, журналист Сауытбек Абдрахманов, жазушы Қуаныш Жиенбай, Шархан Қазығұл, филология ғылымдарының докторы Кәрімбек Құрманәлі, дипломат Қалыбек Қобландин, ASTANA AQSHAMY газетінің бас редакторы Еркін Қыдыр сынды мамандар қонақ болып, жылы тілегін жаудырды.

«Соңғы мүмкіндік», «Болмысы бөлек бес қала» туындылары автордың 1992 жылдан бүгінге дейін еткен еңбегінің жемісі десек болады. Кітаптарда жазушының әр жылдарда басылым беттерінде жарияланған үздік материалдары топтастырылған.

— Екі кітапқа кейінгі жылдары жазған еңбектерім енді. «Соңғы мүмкіндік» ұлттық, мемлекетшілдік мәселесі, еліміздің тәуелсіздігі хақында баяндалады. «Болмысы бөлек Бесқала» кітабы туған жерім Бесқалаға арналады, өйткені өзім Қарақалпақстанда дүниеге келгенмен, қазір ол жер басқа мемлекеттің аумағында жатыр, бірақ туған жер алдындағы парызымды өтемең ниетте жаздым. Сол жерден шыққан мықты батырлар, атақты адамдарды насихаттадым. Мысалы, қазақтан шыққан кеңес батырларының бірі өзбек ұлтынан деп жазылып кеткен, сол 104 батырды қазақ батырларының қатарына қосып деп айтуға болады, — дейді жазушы.

Ғабит Мүсірептің «Соңғы мүмкіндік» кітабы — 500, «Болмысы бөлек Бесқала» кітабы 400 данамен басылып шықты, сонымен қатар бүгінге дейін автордың бес кітабы жарық көріп отыр. Жазушының 2024 жылы «Тоғызыншы территория» атты кітабының жарық көрген еді, бұл кітаптың бір тарауы Желтоқсан оқиғасына арналған. «Желтоқсан жылнамасы», «Қыршынан қиылған ғұмырлар», «Ұлтшыл» ұстаз», «Он бес күндік оқиға», «Қалтарыста қалған қаһармандар», «Дара тұрар даталар», «Жайыма қалдырыңыздаршы мені...», «Желтоқсан жастары экстремист пе?» деген мақалалары осы тарауға жинақталған.

Саладағы ұстазы, жазушы Сауытбек Абдрахмановтың сөзінше, автордың портреттік очерктерінде ерекше бір сарын бар. Ол очерктерінде Төлеген Айбергенов, Өмірзақ Қожамұратов, Нұрмахан Оразбек, Сағат Өшімбаев, Алтынбек Сәрсенбайұлы, Ержұман Смайыл, Артығали Ыбыраев, Жұматай Сабыржанұлы, Амангәлі Шәріп, Шархан Қазығұл, Самат Мұса, Серікқали Мұқаш, Ермахан Шайхы, Мәндібай Әбілұлы сынды қаламгерлердің тұтастас галереясын жасап шықты.

Ғабит Мүсірептің публицистикалық еңбектері ұлт тағдыры мен ел тарихының дәлелі іспетті. Ол күні бүгінге дейін газет журналистикасына адалдық танытып, осы салада аянбай қызмет етіп келеді. Бұл еңбектерінің де ел арасында бағасы әлдеқашан берілгеніне күмәніміз жоқ.

**AMANAT**  
MEDIA GROUP

**AIQYN**

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –  
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –  
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –  
Секретариат меңгерушісі

**АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:**  
Албал АЛПЫСАЙҰЛЫ –  
Ақмола облысы  
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –  
Алматы қаласы  
Саятхан САТЫЛҒАН –  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –  
Қарағанды облысы  
Назғұл НАЗАРБЕК –  
Шымкент қаласы  
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –  
Қызылорда облысы  
Банн ЖАНЖАҚ –  
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін – 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін – 55102  
Жеке жазылушылар үшін – 65102

**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**  
8(701) 875-42-14, 8(772) 72-95-31  
reklama.aikyn@gmail.com

**ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:**  
8(771) 804-61-32  
podpiska.ait@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді

**ТАРАЛЫМЫ: 40 000**

**Тапсырыс №4755**  
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сипеті көшесі 30,  
тел.: 8(772) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 В  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,